Қасым Ботанов



# Теміртау тұлғалары

Пікір жазған Б.У.Абдиманова
Корректоры Д.Б.Өтепбаева

"Теміртау тұлғалары" кітабы - талантының толысқан шағында дарынды ақын, сазгер Қ.Ботановтың жастарға арналған көпшілікке жақсы -таныс жұмсақ әуенді, шуақты жырлары мен ойлы әндерінің жиынтығы. Ақын өлеңдерінің негізгі арқауы - нұрлы өмір, туған жердің әсем табиғаты және жерлестерінің жарқын бейнелері.

Бұл кітабымды Теміртаудың 60 жылдығына арнаймын.
Автор

Б-2

# Алғы сөз

Ботанов Қасым Ертайұлы 1942 жылы Алматы облысы Балқаш ауданы Құйған аулында дүниеге келген. 1978 жылға дейін Татар АССР-інің Буинск қаласында дәрігер, 1978-1982 жылдар аралығында Қарағанды мединститутының хирургиялық стоматологиясы кафедрасының ассистенті болып қызмет атқарған.

Ол бала кезінен поэзияға әуес болды. Ұзақ жылдар Ресейде болғандықтан ана тілі мен әдебиетінен біраз қол үзіп қалған ақын еліне қайтып оралған соң ғана қайыра ана тілінде өлең жазып, облыстық және республикалық газет беттерінен көріне бастады.

Теміртаулықтар оны сегіз қырлы бір сырлы жан иесі ретінде таниды. Ол көпшіл, көнтерлі, замандастары ортасында ақ жарқын кісі. Қаскең негізінен өлеңін бірден жастарға арнаудан бастады, сәтті бастады. Әсіресе "Отау" деген өлеңінде:

Салт-дәстүрін сақтаған дана шалдар,
Пәл сапаға үңіліп қарасаңдар.
Жұмыртқаның ішінен қанат байлап,
Қияндарға ұшады балапандар, -депті

Тынысы тың. Жаңа. Шебер түйінделген. Төгілген балдай мөп - мөлдір.

Қазақтың қазақ поэзиясының мәдениеттенуіне, танымдық-телімдік қуатын арттыруға өзіндік еңбек сіңірген ақындарымыздың бірі де - осы Қ- Ботанов. Мына қолыңыздағы осы кітап соның айғағы.

Бибігүл Уәлиханқызы
ҚарМУ-дың аға оқытушысы.

**Ақынға**
**(Қ.Ботановқа)**

Көкірегі жалын,басы мұң,
Аққуы елдің-Ақыным.
Халқының мөлдір жырының,
Тізіп бір берші асылым.

Жанарын жанның жылытқан,
Шығаршы маржан тыныктан.
Тербелсін терме төрінде,
Жыр құмар қауым қызыққан.

Шөлге бір біткен гүл едің,
Алмасын секем жүрегің.
Туған ел махаббатының,
Шырынын жұтқан түлегім.

Қайыспас қара нар-шабыт,
Арқалар жүгі қаншалық.
Тілектес жандар жәудіреп,
Созады қолын қанша үміт.

Тарылтқан жердің кеңдігін,
Құлдықтан шығар келді күн.
Бетбұрыс атты дәуірді,
Дәріптеп отыр ел бүгін.

Сондықтан әлем әбігер,
Жырлай түс Ақын-Дәрігер.
Достыққа зәру дүниеге,
Жырыңмен,әнмен дәрі бер.

А.Жөддыбаев. 26.02.1988

# Арнаулар

## Жетпісбес Ахметұлына

Жетпісбес түлеп ұшып Жиделіден,
Келіп ең Теміртауға бірге бізбен.
Бүгінде аумай - талмай елуіңе,
Жеттің бе алдыңғы арба жүрген ізбен.

Елу жас жаныңа сын,арыңа сын.
Енді сен бұлақ емес дариясың.
Артында ағалардың-нөкерісің,
Алдында інілердің-қариясың.

Кезің бұл қайратыңа сенетұғын,
Қызылды қиядағы көретұғын.
Асауды арындаған ауыздықтап,
Жүйріктің жолын ашып беретұғын.

Кезің бұл кемелдігің байқалатын,
Қиқуың қалыңжауды қайтаратын.
Тарихтың мінбесінен тарлан сөзді,
Көмейді ашып тастап айта алатын.

Сәл ғана сақалыңнан қысыласың,
Қыздарға қырындаудан құтыласың.
Дегенмен елудегі ер жігіттің,
Қайсы бір жиырма бестен мысы басым.

Жатқанда елуіңді ел ескеріп,
Тәрбием менің керек емес тегі.
50деген сен үшін сөз болыппа,
Туғаннан - ақ Жетпіспес емес пе едің-

## Серікке

Жас жұбайлар! Сендерге сол ақылым,
Құсына сай тұғыр бар қонатұғын.
Жігітіне жары сай. Біл бірақта,
Шуаққа сай көлеңке болатынын.

Шарлау қиын өмірдің кең өлкесін.
Оңай емес болу да ел еркесі.
Ең бақытты өмірдің байқасаңыз,
Шуағынан көбірек көлеңкесі.

Адал болсаңдар ғана дос табасың.
Жүлде алмайды әйтпесе қосқан атың.
Өмір - Мұхит, тізеден кеше алмайсың,
Махаббаттың болмаса қос қанаты.

Қуаныш пен қайғыдан жаратылған,
Өмір сені өткізер дара сыннан.
Шын бақытқа жолдасын жеткізеді,
Жақсылыққажатсынбай баратын жан.

Алдарыңда гүлзар бақ, жасыл тоғай,
Алдарында жарастық жатыр талай.
Бақыттымыз, көшеде жолыққанда,
Сәлем беріп тұрсаңдар жатырқамай.

Артымызда қалды жаз, қалды мұз да,
Артымызда қалды шың, қалды құз да.
Бақыттымыз үлкендік жасай алсақ,
Аға тұтып келгенде алдымызға.

Өткізбеуге тағдырдың барымтасын,
Салады деп сенеміз бар ынтасын.
Қанат қосып ұшыңдар болашаққа,
Алдарыңнан құдайым жарылқасын.

## Әлішер

Мейлі таға тұғырдан тайғанады,
Туласын тек жігіттің бойда қаны.
Сын сағатта,Әлеке,келіп тұрмын
Жігеріңді жырыммен қайрағалы.

Десек дағы талқыға төселесін,
Кімнің тағдыр көгерткен көсегесін.
«Ауырды Нар көтерер» - дейді қазақ,
Ауыруды жігіт боп көтересің.

Ертең бұның бәрі де артта қалып,
Достарыңның жадырап қас-қабағы,
Ортамызда шат күліп отырарсың,
Бір шумағын Қасымның жаттап алып.

## Тұрғымбаев Тимурға

50 ді нағыз ер жасы дейді шынайы,
Ендеше 50 Тимурдай ерге ылайық.
Әйелдің жасын көрікіменен шамалап,
Жігіттің жасын қайратыменен сынайық.

Еңбекте талай білектің қарын талдырып,
50 жыл тағдыр тәлкегін артта қалдырып.
Алыса кетсе Алпамысынды жығатын,
Тимекең бейне 25-тегі нар жігіт.

Қажымай өтер өмірден асыл жігіттер,
Сынбайды текке бура сан, атан жіліктер.
Кезегі жетіп белдесе қалсаң 100 бенен,
Өтінем Тимур, 100-ді де бізге жығып бер!

## Самайына сыр тұрған

Самайына сыр тұнған, ғұрып тұнған,
Дарханлығы дананы қызықтырған.
КарМетИдің мерейі үстем болсын

Қырқасына 40-тың шығып тұрған.

Білім дәмі үйіріп таңцай жарған,
Жанарында жастардың аунайды арман.
"Alma mather"қашанда еңсең биік,
Ғалымдардың шыңынан аумай қалған.

"Alma mather" киелім,қасиеттім,
Буырқанған теңіздей тасып өтті».
Көшпенді бабалардың қайсар ұлын,
Металургтің ісіне ғашық еттің.

Заманына ылайық жарыс бастап,
Кетті ұлдарың шың асып, ғарышқа аттап.
Ашып бердің өндіріс құпиясын,
Дастарханын ілімнің жәйіп тастап.

Құрыш қайнап пештерде алас ұрды,
Алауына таңырқап дала тынды.
Қыз басына жарасқан сәукеледей
Домна пеші далама жарасымды.

Шашасынан дәуірдің тер төгіліп,
Тарлан тарих бетіне ерте кіріп.
Келер ұрпақ ғасырдың биігінен,
КарМетИді айтады ертегі қып.

## Қуаныш Омашевқа

Ұлдарына анадай кешірімді,
Тербетіпті Ақадыр бесігінді.
Ауыл аймақ жасырмай қуанышын,
ҚУАНЫШ деп қойыпты есімінді.

Политехта, көгінде жұлдыз жанып,
Студенттер көрмеген бір күн налып.
Әзілменен ортаны думандатып,
Тұрушы еді көмейің күмбір қағып.

Әніміз де жарасып, сәніміз де,
Жастар едік алатын бәрі жүлде.
Елбасы айтқан/МОЛОДОЙ/есіміңе,
Дақ түсірмей келесің әлі күнге.

Бірімізді біріміз көріп ыстық,
Ағымыздан жарылып, төгілістік.
Бөліп жедік бір үзім қара нанды,
Алдымызда у тұрса бөліп іштік.

Өндірісте көрсетіп биік өнім,
Еңбегіңе қуанды сүйіп елің.
Комбинатта от ұстап, жалын жұтып,
Ақ құрышты қалыпқа құйып едің.

Құпиясын өмірдің жатқа біліп,
Алқынбастан ағалық жасқа кіріп,
Бүгін міне отырсың ортамызда,
60 деген алтын зер таққа мініп.

Сағынысып жететін тым алыстан,
Дос жаранғажан едің құрақ ұшқан.
Шаңыраққа қарлығаш ұя салып,
Есігіңнің алдынан қыран ұшқан.
Өзің жүрсең ортада Теміртаудың
Лүпілдейді жүрегі *ҚУАНЫШтан.*

## Роза Бағлановаға

Бұлбұл көмей апамыз, гүл есімді,
Қостың әнге елеулі үлесіңді.
Сіз шырқаған эфирден әсем әуен,
Әлі күнгі ескірмей жүр есімде.

Бүкіл қала тамсанған, бүкіл дала,
Сіз шырқаған әуеннің күшін қара.
Көтерілді сан солдат шабуылға,
«Ах Самара городок» үшін ғана.

Елең қылмай соғыстың алапатын,
Жауынгердің емдеді жарақатын.
Лүпіліне жүректің айналады,
Апай салған әндердің шарапаты.

Суретшінің жетпейтін қылқаламы,
Тартты еліне талантын, бұлдамады.
Апай әнге шыққанда Раушан гүл,
Сахнаның төрінде бүр жарады.

Өнержолын саралап қарасаңыз,
Әнсіз көзін ашпаған дала таңы.
Бұлбұл үнді, гүл жүзді апамыздың,
Гүлге толса құшағы жарасады.

Қасым Ботанов.

## Туған күн

Құтты болсын туған күнің,
Жансын бағың, кекілдім.
Самал тербеп тұрған гүлдің
Алтын тәжі секілдім.

Еріп өмір қадамына,
Ұмыт болар кешегің.
Ескерткіш қып табаныңа,
Жыр шумағын төседім.

Күн ұялап қабағыңа,
Төңкерілсін нұрлы аспан.
Ұшқын тұрсын жанарыңда,
Жұлдыздармен ымдасқан.

Ақ арманың табар сені,
Тұғырына қонарсың.
Іздеп келіп самал - сері,
Етегіңе оралсын,

Көрпесіне қымтап қара,
Аймаласын тоят түн.
Мандайыңнан сипап қана,
Қайырлы таң оятсын.

Ақын біткен дәріптесін,
Тербеп жырдың бесігін.
Әсемдікпен әдіптесін,
Элмиранық есімін.

## Мұқатай аға

Алқымдаған алпысты керемет жан,
Мерекеде керемет келе жатқан.
Елең ете қалады бар Теміртау,
Амірханов Мұқатай деген аттан.

Дарима деп шапағат бұл ағадан,
Босағадан бозбала сығалаған.
Еңбегімен танымал ағамыздың,
Мысы басым қайсы бір ғұламадан.

Қызықтырып қызу іс, алдағы күн,
Мәртебесін өсірді ардағының.
Теміртаудың қаланған әр тасында,
Бұл ағаның ізі бар бармағының.

Сіз жүрсеңіз арада бірге бізбен,
Самал есіп тұрады іргемізден.
Адастырма тағдырым абайсызда,
Алдынғы арба ағалар жүрген ізден.

Қара бұлтты қабақтан ығыстырып,
Құйып алған жанарға күн ыстығын.
Пейілікең,жаны жаз,жайсаң аға,
Бір әулеттің сақтап тұр тыныштығын.

Сырлы сазды іштегі қозғап анық,
Мінезімен танытып бозбалалық,
Қаз ілетін қырандай шүйіледі
Кәдімгідей қанатын қомдап алып.

Өр еңсесі аумаған шынарға тап,
Артық емес адуын жыр арнасақ.
Қанаттанып қайтамыз үйімізге,
Той үстінде төріне бір аунасақ.

Қабыл болса бір тілек менен егер,
Қуанышқа,Уа Мұқа,кенеле бер.
Жақсылықтан жалықпас өмір жолын,
Жалғастырсын немере, шөберелер.

**Ғалым Қоялы Аяпбергенов**

Бес қаруын бойына іліп алып,
Батыр болған амалсыз ұлы халық.
Ата жауын келтірген тәубасына,
Арғымақтың үстінен жұлып алып.

Қызым сұлу сондықтан, ұлым - Алып,
Осындайғып өсірген ұлы халық.
Тұмар қылып туына көк бөріні,
Қамшысымен түсірген көктегіні.

Шежіре ғып өткенім,кеткенімді,
Тасқа қашап өлгенім,өшкенімді,
Ұрпағына қалдырған өктем үнді.
Әлімсақтан әйгілі ағайынға,

Ғұламалар, ой көшкен самайында.
Әл-Фараби, Ұлықбек, Баласұғын,
Жалын жыртқан айғырдың Жалайыр да,
Үміт артып кетіпті талай ұлға.

Табынудан батысқа азат жанмын.
Ғалымдар жүр ішінде Қазақтардың.
Аяпберген тегінен Қоялы бар,
Кілтсіз ашқан қақпасын ғажаптардың,

«Шеттен іздеп несіне азаптандың».
Тылсым сырды тіліне тиек қылып,
Аш бөрідей айға азу білеп тұрып,
Сұқ саусағын аспанға тіреп тұрып,

Сөз сөйлесе мінбеде білек түріп,
Сезіміңді өтеді дір еткізіп.
Ойшыл болсан халқыңнан қашықтама,
Тіршіліктің тамырын басып қана,

Қағазына шұқшиып отыр олар,
Көре алмайды бұларды пасық қана.
Жаттың сөзін пір тұтып жаттамаған,
Ала жібін адамның аттамаған,

Ұлылардың ұрпағы ұсақ емес
Даттайды тек күнәға батқан адам.
Ондайларға жай түсір Хақ тағалам!
Тура жолдан тайдырма Хақ тағалам!!!

Дүйсебеков Мадияр

Уа жарандар! Әрбір сөздің мәні бар.
Білмегенің зейін салып танып ал.
Той иесі, 60 жастың егесі,
Абзал ағаң Дүйсебеков Мадияр.

Өмірдің де, еңбектің де мәні бар,
Комбинат бар жарты әлемге танымал.
Комбинатты иығымен көтерген,
Еңбекші ағаң Дүйсебеков Мадияр.

Коксохим бар комбинатқатанымал,
Намысынды жалынына жанып ал.
Кокс пешін алақанмен көсеген,
Батыр ағаң Дүйсебеков Мадияр.

Тында достар, әр сөзімнің жаны бар,
Әр еңбектің сапасы бар,саны бар.
Фенолынды, Бензолынды айырған,
Химик ағаң Дүйсебеков Мадияр.

Жалықпасаң тағы айтарым тағы бар,
Мәкең десең Қасымнан сөз табылар.
«Жас алаштың» кореспендент мүшесі,
Жазушы ағаң Дүйсебеков Мадияр.

Өлең сөздің падишалық сәні бар,
Нақыл сөзден кейінгі ұрпақ тәлім ал.
Айтысып та аты шыққан, жазып та
Ақын ағаң Дүйсебеков Мадияр.

Тамырында өрттей ыстық қаны бар,
Шындық үшін шырылдаған жаны бар.
Жүрегінде лириктің әні бар,
Сері ағаңыз Дүйсебеков Мадияр.

60 жылда талай жүйрік сабылар,
Мәкең емес желісінен жаңылар.
Бүгін міне сіздер үшін Мәкеңнің,
Арнап жәйған дастарханын қабыл ал.

**Ескен Ибраевич**

Жариялап Алашқа әйгілігін.
Дастарханын Есекең жәйды бүгін.
Отыр озып өмірдің бәйгесінде,
60 қырдан асырып сәйгүлігін.

Қолдан намыс сенеміз бермесіне,
Жарайды әлі 30 бен белдесуге.
Ескен бүгін Олимптың чемпионы,
60 алқа тағынған кеудесіне.

Жаңа жетті тасынып толар шаққа,
Әліталай алда да болар сапта.
60 жебе ұшырса нысанаға,
60 жебе дайын тұр қорамсапта.

Жомарттықпен жыртығы бүтінделген,
Жоғалтпаған әлі де күшін кеудең.
90 да тынбасын тарлан жүрек,
Минутына 60 қат лүпілдеуден.

Ескен

Болған шырайлы,әз қияға,
Тұрақ болған жеті асыл қазынаға.
Ардақты әке, Абзал дос, Аяулы жар,
Өзің ғана орталық Азияда.

Еркелетіп бұлағы Егіндінің,
Күлкі болып көмейден төгілді үнің.
Отанында өскендер Қазыбектің,
Арқалаған қашанда сенім жүгін.

**Қоян жылғы құттықтау**

Алтын нұрға боянды күн,
Ашты наурыз қабағын.
Құттыболсын қоян жылың,
Жомарт жүрек қазағым.

Қызыр қолдап қыр баласын,
Игіліктің тат дәмін.
Шаһарларың қирамасын,
Күрсінбесін қарттарың.

Берсін ұлға - айбындылық,
Бірлігіңе - бүтіндік,
Байлығыңа-қайрымдылық,
Кедейлікке - шүкірлік.

Кішірейтіп ұлық басын,
Халқын сүйсін көсемдер.
Туған елін ұмытпасын,
Үлгі алам деп шет елден.

Ана біткен қайғырмасын,
Қанат біткен талмасын.
Коррупция тайдырмасын,
Тура жолдан Елбасын.

Болсын дәйім жаның сергек,
Рухың ояу, денің сау .
Өндірістің əні тербеп,
Өркендесін Теміртау.

Айдарыңнан сипатып сері желді,
Жетеледің алпыс жыл керуенді.
Атойлаған «Ескен» - деп есіміңді,
«Ес-Аға» - деп атайды елің енді

Бүгін міне Ақтаудың жас ұланы,
Сəлем беріп шығуға асығады.
Алпыс қырдан «Ей» - десең арттағылар,
Алдиярлап алдыңа бас ұрады.

Бар қызығын тірліктің жиып терген,
Азатсың сен , Ес - Аға, күдіктерден.
Асқар белің -Алпысың құтты болсын,
Алдаталай көрейік биіктерден.

## Ғазиз аға

Өмір атты өзеннің арнасында,
Аға жолы інімен жалғасуда.
Іні болап асылдым мойынына,
Аға болып жолықтың Алматыда.

Жолды жауып жалғанның құйындары,
Арнамызға асу жыр құйылмады.
Емхананың таңылдың төсегіне,
Осы ма еді маңдайға бұйырғаны.

## Айтеке

Сезімдер бар бір сәтке көз ілмеген,
Бас иемін осындай сезімге мен.
Жарты ғасыр арқалап өмір жүгін,
Бір ошақтың отынан шегінбеген.

Әсірелеп айтып тұр демесеңіз,
Алыптармен сіздерді тең етеміз.
Құтты болсын Алдияр - Айтош аға,
Алтыннан да ардақты мерекеңіз.

Жарты ғасыр құт қонған іргеңізден,
Ұрпақ ұшты өз жолын ізденумен.
Күміс тойға шығыпты болашағың,
Кеше ғана өзіңіз жүрген ізбен.

Алға сүйреп еңбекпен бар адамды,
Ежелден-ақ Айтекең дараланды.
Арнар еді бір дастан Айтекеңе,
Қайта шықса /Советтік Қарағанды/.

Жарты ғасыр қымызы қотарылған,
Осы отау аумайды отанымнан.
Әлі талай Айтеке ораламыз,
Жылу алып кетуге ошағыңнан.

Сырын ашар асылдың сынығы өстіп,
Ұя да қыз,қия да ұлын өсті.
Қызуы мол ошақтан жылу алып,
Жалғастыра береді ұлы көшті.

## Айдос

Сезімдер бар шайқаса төгілмеген,
Бас иемін осындай сезімге мен.
Жарты ғасыр арқалап өмір жүгін,
Бір ошақтың отынан шегінбеген.

Әсірелеп айтып тұр-демесеңіз,
Алыптармен сіздерді тең етеміз.
Құтты болсын Алдияр - Айдос аға,
Алтыннан да ардақты мерекеңіз.

Жарты ғасыр құт қонған іргеңізден,
Ұрпақ ұшты өз жолын ізденумен.
Күміс тойға шығыпты болашағың,
Кеше ғана өзіңіз жүрген ізбен.

Алға сүйреп еңбекпен бар адамды,
Ежелден ақ Айтекең дараланды.
Арнар еді бір дастан Айтекеңе,
Қайта шықса (СОВЕТТІК ҚАРАҒАНДЫ)

## Аннель

Шымшылаған сезімді шырайлы алап,
Қарқаралы тұр бізге сынай қарап.
Аққуға арнап атылған әзіл сезім,
Балапанға тиер деп кім ойлаған.

Анан сенің жан екен көзі күлген,
Соған бола соңыма сөз іліген.
Ақындардан аққу да үрікпеген,
Секем алдың сен ғана сезімімнен.

Жанарыңнан жанбаған жасын әлі,
Бір қызғаныш ұшқыны шашырады.
Сөніп қалды сезімнің ақ шашағы,
Солып қалды жанымның жапырағы.

Тәңірден де бұл аға қысылмаған,
Айыбым жоқ алдыңда түсін балам.
Биігіне шыңымның шығып тұршы,
Ананды қызғанғаның үшін ғана.

Әрине мен сұлулық ізденіп ем,
Салқын тартты.амалсыз біздегі дем
Егер ақын балаға ұнамаса,
Анасынан күдерін үзгені жөн.

**Армияға**

Өмір сыйын ұсынып тұрғанда алда,
Сыбағадан Арекең құр қалған ба.
Жауынгерлік мінезде бітеді екен,
Жауынгерлер күнінде туғандарға.

Қарасаң Армияның тұлғасына,
Сыр сымбат сиып кеткен бір басына.
Сабырмен сырбаз ғана сыр шертеді,
Ер жасы 50 деген құрдасына.

Өртенсе де табанның табы құмда,
Алғы шептен әлі де табылуда.
Шын жауынгер өмірден шегінбеген,
100 жаста да шығады шабуылға.

**Асқарға**

Қабыл ап қонақ үйдің жайқалғанын,
Асқарға ақ тілектің айтам бәрін.
Жайылған мерекеге дастарханын,
Қабыл ал жақсы менен жайсаңдарым.

Әрекет туындайды сұраныстан,
Келетін туыстар бар тым алыстан.
Ежелден қонакжайлы қазақ едік,
Тай мініп бала келсе құрақ ұшқан.

Қарлығаш шаңыраққа ұя салып,
Алдынан есігінің қыран ұшқан.
Төріңнен құтты қонақ арылмасын,
Көңілің арылмасын қуаныштан.

Ақотау айналайын қанатыңнан,
Асқардың пейілінен жаратылған.
Жасартып жібердің - ау Теміртауды,
Жас Бота - жас нәресте жаңатуған.

Түндігін түстік жерден желпілдетіп,
Көрінсін тек биіктен дара тұлғаң.
Ұйқысыз қыз - бозбалатаң атырған.
Кереген кең, босағаң берік болсын,
Асқаржан айналайын қанатыңнан.

**Әмірәлі**

"Қызыл түтін, қара түтін, көк түтін"
Түтін жұтып өтті күндер,өтті түн.
Жаланы аз,түтіні көп өмірден,
Әмір әлі тілемейді көп күтім.

Саф алтыннан жезің артық қолдағы

**Әшімханов Асылхан**

Жағасынан жайдары дос тарқамай,
Ел ағасы бастарын қосқан талай.
Елшіліктің еңбегін атқаратын,
Қайран біздің қазақтың дастарханы-ай

Өзі түгіл үйінің еңсесі де,
Аға алдында дайын тұр иілуге.
Ілтипаты биік жан екенсіңдер,
Өмірдіңде болыңдар биігінде.

**Байлығым менін**

Алыс қырға аттанамын,
Арманыма артамын сенім.
Қырау шалған ақ самайым,
Ақ самайым ардағым менің.
Алыс қырға аттанамын,
Қырау шалған ақ самайым,
Ақ самайым-байлығым менің.

Дәуірі бір жолдастарым,
Арқа сүйер асқарым,белім.
Құшағы гүл құрдастарым,
Жандостарым,дастаным менің.
Дәуірі бір жолдастарым,
Құшағы гүл құрдастарым,
Жандостарым-байлығым менің

Білем тағы таң атады,
Тербеледі көктемнің лебі.
Бүр жарады болашағым,
Болашағым - бақытым менің.
Білем тағы таң атады,
Бүр жарады болашағым,
Болашағым - байлығым менің.

## Мүшел шумақ

Қайдам қайда асықты,
Жақындатып қашықты,
Мүшел жастан Асекең,
Былтыр ғана асыпты.

Өртеп жастық желікті,
Басып қызған көрікті.
Ердің жасы елуге,
Міне биыл келіпті.

Талай жерді шарлаған,
Талай істі қамдаған,
Баспаған із,Бітпесдау
Асекеңнен қалмаған.

Заман мынауөзгерген,
ілесе алмас кез келген.
Елуінде ел жүгін,
Арқалауға сөз берген.

Талай істі басқарған,
Талай тойды атқарған,
Қасым ақын тойында,
Аққораға ат салған.

Дәстүріне табынған,
Керек жерден табылған.
Тілін,дінін құшақтап,
Талай шыққан жалыннан.

Халық үшін күйзелген,
Таңы ұласқан түндермен.
Үңілем деп Тарихқа,
Арабша да үйренген.

Тіршіліктің сезінбей кемтарлығын,
Аналарсыз өмірден енші алды кім.
Білегіңнің күші емес бақыт деген,
Бақыт деген Анаңның денсаулығы.

Жалған дүние жеткізбей сылаң қағып,
Сан сайыста жігіттің сыналды ары.
Бақыт деген жүлде емес, жеңіс емес,
Сол жеңіске Анаңның қуанғаны.

Өтіп жатсын қалтқысыз күндер мейлі,
Құныс белдер көктемсіз гүлденбейді.
Аналарсыз жыртығың бүтінделіп,
Аналарсыз қысқа жіп күрмелмейді.

Ана болып аптығын басып бұлақ,
Ана болып құшағын ашыпты бақ.
Тақтағы хан,таптағы биіңнен де,
Анасы бар адамдар бақыттырақ.

## Бақыт

Жақсылықтан күдерін еш үзбеген,
Арманшыл ел ұрпағымыз біз деген.
Ата - бабаң желмаясын сабылтып,
Жалықпай-ақ Жерұйығын іздеген.

Тәрік қылып серілікті,сауықты,
Бастан кешіп қорқынышты, қауіпті.
Жер - жиһанды шарлап өтіп бақытты,
Өз үйінің отбасынан тауыпты.

Ақыл айтам Меруертке, Нұрланмен,
Адастырмас ата жолын қуған жөн.
Өмір бақи іздеу парыз бақытты,
Өз үйіңнің отбасында тұрғанмен.

Меруерт, Нұрлан бабаң салған іздермен,
Өмір атты көштен күдер үзбеңдер.

Арман алыс болса-дағы бақытты,
Өз үйіңнің отбасынан іздендер.

Сендер үшін тағдырдан не сұрайын,
Таусылмайтын төзім берсін құдайым.
Бақыт деген-куа білу бақытты,
Осы жолдан адаспаңдар ылайым.

**Батыр - Лиза**

Отау болу белгілі бұрыннан да,
Жиналысып қияннан, қиырдан да.
Куә болып жатырмыз біз кішкене,
Егеменді мемлекет құрылғанға.

Ұлан Батыр,Лиза сендер үшін,
Бір бақыттың жақындап келгені шын.
Сендер үшін сезімдер ақтарылып,
Айтылады ақ тілек сендер үшін.

Сендер үшін арнайы уақыт бөліп,
Той жасаймыз ел болып шашып - төгіп.
Отау тігіп,жар сүйіп,бала өсірмей,
Бір басыңа қонбайды бақыт келіп.

Сезімдерді қосақтап шашылмаған,
Бақыт болып жаныңдар лапылдаған.
Көңілдер кең, пейілдер ашық болсын,
Ақ ниетін адамнан жасырмаған.

Ат жалына жармасып елішінде,
Қуанышты, қайғыны бөлісіңдер.
Таңда іске қия алмай аттанысып,
Сағынысып кешкісін көрісіңдер.

Өмір - керуен отырмас малдас құрып,
Алып қашар жылдарды алмастырып.
Балаларың көп болсын, болашаққа,
Апаратын сендерді жалғастырып.

## Бекежанға

Жанарға шұғылалы құйылып нұр,
60 жас Бекежанға бұйырып тұр.
Ақтарып ағыл-тегіл ақ тілегін,
Алдында «Көтібоқтар» иіліп тұр.

Күндер қайда жас талдың бүршігіндей,
Түндер қайда өткізген кірпік ілмей.
Өтпеуші едік ай - күннің аманында,
Көрінген күресінге бір сүрінбей.

Кештер қайда қалтқысыз сырласатын,
Тәулік қайда жататын жылға татып.
Аптасына кемінде 60 рет,
Политехтің іргесін шулататын.

Қалар ізің тарихтың беттерінде,
Қарсы жүзіп ағысқа өткеніңде.
Аумайды ала құйын мінезіңнен,
Ақ боран 60 - ыншы көктемің де.

Дәріптеп отыр бүгін алты Алашың,
Уа, Беке, құтты болсын марқа жасың.
КПСС тарқады оқасы жоқ,
КТБ-ның ұжымы тарқамасын.

## **Бірге**

Сым пернесін сезімнің басып көріп,
Дастан қылып жырлаған ғашықты елің.
Отау болмай, ел болмай, Отан болмай,
Бір басыңа қонбайды бақыт келіп.

Ат жалына жармасып ел ішінде,
Қуанышты, қайғыны бөлісіңдер.
Жұмысыңа қия алмай аттанысып,
Оралғанда сағынып көрісіңдер.

Бірге болу арманы ғашықтың да,
Қос жүректі қосуға асықтыңдар.
Бір болыңдар ең қиын кезеңдерде,
Бір шығыңдар шыңына бақыттың да.

## Бірлікбайдың үйінде

Ет асулы, шәй да дайын,
Бірлікбайдың үйінде.
Ән кетеді "Айналайын"
Қалықтап құс тілінде.
Бұл әншейін клип емес,
Тез ескіріп қалатын.
Жаттауға да қиын емес,
Қосылып ән саласың.
Халық әні мамырлайды,
Аққу болып, қаз болып.
Жазыл жүйке тамырлары,
Жанарларға жаз қонып.
Бұдан асқан қайда рахат,
Нескен әне тұр күліп.
Нұра жылжып жәйбарақат,
Қалғымайды қыр гүлі.
Қапелімде қалдым ұқпай,
Ала көрме үркітіп.
Жартастағы жаңғырықтай
Бірлікбайдың күлкісін.
Шарап ішіп сән кіреді,
Қалы көрпе төселіп.
Қыздырады әңгімені,

Үйді басқа көтеріп.
Сейіледі ой тұманы,
Еліктейсің бәріне.
Анекдот айтылады,
Әйел жәйлы, әрине.
Ән тоқтаса, жолын құптап,
Күй де жұбын жазбайды.
Қонақ түгіл орындықтар,
Билеп кете жаздайды.

Қолға қонып көгіндегі,
Жадырайсың мәз болып.
Тербеледі көлдің көлі,
Аққу ұшып,қаз қонып.
Бикештермен тайталаса,
Қасым билеп әлі жүр.
Қош айтысып қайта-қайта,
Кете алмайсың бәрі бір.
Шаһизада ертегінде,
Дамылдасаң, дамылда.
Осы отырыс ертеңіне
Айналады аңызға.
Тамсанады көгім күліп,
Көңіл текке тозбасын.
Теміртауда өмір қызық,
Бірлікбайы болғасын.

## Беташар

Ән сазанан нәр алған,
Армысындар жарандар.
Табыспек пен Айдарға,
Құлақ салып қарандар.

Сай келер деп талапқа,
Толғанып ек санапта.
Заман жайлы шертеміз,
Әзіліміз жарасса.

Заман бүгін өзгерді,
Өзгергенін көз керді.
"Құл болам деп халыққа"
Шешен біткен сөз берді.

Сақал мұрты майланды,
Депутатқа сайланды.
Халық қамын ұмытып,
Коммерсантқа айналды.

Егемендік алғалы,
Бізде билік қалмады.
Өндіріспен өзіміз,
Кете бардық жалданып.

Комбинаттың ұлымыз
Үндістердің құлымыз.
Жындысы зауыттың,
Мал ішпейтін суымыз.

Жуындыны жалаған,
Балық қайтып күн көрер.
Жат қолына қараған,
Халық қайтып күн көрер.

Ылайланды бұлағым,
Қандай шара қыламын.
Аққу түгіл қаз қонбас,
Айдынына Нұраның.

Салт - дәстүрді басынып,
Әбүйірі ашылып.
Түнгі көбелектер жүр,
Көрінгенге асылып.

Сарынындай бақсының,
Арақ қуып аптығып.
Қандасымыз аз емес,
Құлы болған нәпсінің.

Бұл жағдайда ата-ана,
Тыныш ұйықтап жата ма?
Пысқырмаса ұл-қызы,
Теріс берген батаға.

Қабыл алып нарықты,
Қам көңілді жарыттық.
Нарығымыз базар боп,
Шатастырдық халықты.

Білім алған қаншама,
Қос диплом қалтада.
Базарда жүр бойжеткен,
Қапшықтарын арқалап.

Үміт артсақ білімге,
Болашақтан түңілме.
Базар ертең сөйлейді,
Мемлекеттің тілінде.

Болжау айтсақ бүгінде,
Қамықпа да, бүлінбе,
Шымкеттіктер базарды,
Жаулап алар түбінде.

Шудаларын шаң басқан,
Көші-қоны жалғасқан,
Көрші жұрттан еліне,
Оралуда қандастар.

Шашыраған қазағым,
Таусылмапты азабың,
Пәтер таба алмадық,
Жұмыс қайдан табамын.

Таңданбайды еш пенде,
Ауыл тарап кеткенге,
Төрт түлікті сарап қып,
Қала жаққа көшкенге.

Қайта қуып сағымды,
Жаңартпақпыз ауылды,
Көшіретін күш бар ма,
Қаладағы қауымды.

Айттық біраз жайларды,
Намысымыз қайралды,
Көп сөйлесе кеше гөр,
Табысбек пен Айдарды.

Кемшілікті жойғанда,
Кездесейік тойларда,
Қол соғындар кәнікей,
Табысбек пен Айдарға.

## Жақсылықтың Сәулесі

Жамыратып жанардан нұр тамызып,
Жайсандарды жақсылар жұр сағынып.
Жамандықтың жалғанда жолы болмас,
Жақсылықтың Сәулесі тұрса күліп.

Сәуле сіңген керімсал жасыл алаң,
Гүлтамырынжаядытасынада.
Далам қандай күн сипап кекілінен,
Жақсылықтың Сәулесі шашыраған.

Көмейінен саф күміс ән көсіле,
Бұлбұл қонса бұтаның сәлдесіне.
Тыныштық деп біліңіз, таң оянып,
Бөленсе Жақсылықтың Сәулесіне.

Айлы түнде әдемі әнді өшірмей,
Көлбендесе көлеңке сән кешіндей.
Жұлдыз күліп қарайды көгімізден,
Шынайы Жақсылықтың Сәулесіндей.

Туған күннің қайырлы атқан таңы,
Өмір сүрген өткенді жатқа айтады.
Жақсылыққажайылды бүгін тағы,
Жақсылықпен Сәуленің дастарханы.

Тіршіктің тербетіп тал бесігі,
Қонаққада келеміз сәл кешігіп.
Дәм татқанға шіркін-ай, не жетеді,
Қолынан Жақсылықтың Сәулесінің.

Мынау фәни Жалғанның көмесінде,
Біз келеміз өмірді өрге сүйреп,
Баршаңызға тіледім, Жүректерде
Жақсылықтың Сәулесі сөнбесін деп.

## Жанас

Шежіре талай жазылды,
Арналып бай мен манапқа.
Арнаймыз енді әзілді,
Мағрипа менен Жанасқа.
Жас едің өскен далада,
Қанатын жаңа қомдаған.
Әкелді сүйреп қалаға
Комбинат берген жолдама.
Еңбегің болды ырысты,
Қайратың тасқын, денің сау.
Шығарып шетке құрышты,
Дүрілдеп тұрды Теміртау.
Жоқ еді мұндай қаперде.
Қайтерсің басты қатырмай.
Комбинат кетті жат елге
Ойнасшыл, сайқал қатындай.
Не түспес ердің басына,
Самайды жабар ақ ұлпа.
Адал тек ошақ қасында,
Атасқан жарың Мағрипа.
Электр өшсе жасыма,
Өшірме сезім - жалынды.
Жетіде кешке жатып ал,
Қолтыққа қысып жарыңды.
Құпия сырды жасырып,
Жұмақ-түн тұрса, Кешірім.
Қылығын жарың асырып,
Елу бес туса несі мін.

Қызығың алда, сене бер,
Алпысқа созып қолыңды.
Ұлың мен келін, немерең,
Жалғайды ертең жолыңды.

Өмірден алар үлесін,
Үміткер жанбыз әлі біз.
Екеулеріңе ілесіп,
Жетеміз жүзге бәріміз.

Табын үшін тағдырмен таласқан да,
Теміртауды аузына қаратқан да.
Жылқы жылы туғандар толып жатыр
Айғыр жылы туған тек Жанас қана.

Жылқы мінез дарытқан дала десек,
Қайсарлығын шыңдаған қалада тек.
Айғырлығын мойындап Арқа жері,
Қаз дауысты қыз берді Қаракесек.

Қазалының жолдаған тілеуі шын,
Қазақ Политехінің түлегісің.
ЦРМО-ның бірінші бастығысың,
Мағрипаның бірінші күйеуісің.

Алты қырдың астынан ән көсіліп,
Әтешсіз де ататын таң кешігіп.
Отыз жыл ақ махаббат тербетеді,
Жанас пен Мағрипаның тал бесігін.

Алпыста да аптығың бір басылмай,
Асып-тасып ақтарыл, жырға сыймай.
Көзде күлкі, көмейде назым түрсын,
Мағрипаның сыңғырлы сырғасындай.

Бүгін саған бәрі де жарасымды,
Алпыс жылға тоздырма тағатыңды.
Тимур, Мәди, Айбектер қатар ұшып,
Болашаққажаяберқанатыңды.

("Бәрінен де сен сұлу"әнімен)

Жылқы жылдың жалында
Дара туған Жанассың.
Мағрипаның бағына

Жаратылған Жанассың.

Жабыққанды жұбатқан,
Ортамызда ең дара,
Қаракесек ұнатқан
Күйеубала сен ғана, сен ғана.

Теміртаудың алтын бас,
Көсеміде өзіңсің.
Дауға салса тартынбас
Шешеніде өзіңсің.

« Дорак»тарға бір жүрген,
Шыдайтын да сен ғана,
Қарта ойнап, мизерден
Құлайтын да сен ғана, сен ғана.

Тимур менен Мәдиді
Баптаған да өзіңсің.
Ана тілді Айбекпен
Жаттаған да өзіңсің.

Комбинаттық қауымды
Көркем еткен сен ғана,
Мағрипадай аруды,
Еркелеткен сен ғана, сен ғана.

Қыз көзінен оталған,
Жігіт едің арқалы.
Біз алмаған тоқалдар,
Саған үміт артады.

Арғымақпен алысып,
Шідерлейтін сен ғана.
Алпыс жастың намысын,
Жібермейтін сен ғана, сен ғана.

Тұлпарыңның тағасы
Таймасын деп тілейміз.
Айдосыңның қанаты
Талмасын деп тілейміз.

Мағрипаның әуені,
Самғасын деп тілейміз.
Немерелер жолыңды
Жалғасын деп тілейміз, тілейміз.

**Вахатанг К.**

Айдынында көлдің,
Аясында елдің,
Қос балапан жайды қанатын.
Көтерілді ірге,
Құттықтадық бірге,
Жас отаудың сәтті сағатын.

Қиялы көкті кезіп,
Лапылдайды сезім,
Лүпілдейді ғашық жүректер.
Алақанын жайып,
Бата берді халық,
Қабыл болсын ізгі тілектер.

Көңіл шалқып тасып,
Кемерінен асып,
Сарқылмасын өмір арнасы.
Қанаттарың талмай,
Қияндарға самғап,
Болашаққа жатсын жалғасып.

**Клара**

Жеңгеміз аруындай ертегінің,
Танытқансерілергееркеқылық.
Артында 60 -ыншы жылдар қалды,
Кларанық күлкісіне кемкеріліп.

Еңбектің тері сіңген маңдайына,
Ғайыптан ән дарыған таңдайына.
Бұл күнде елге әйгілі Күлтай апа,
60 жұлдыз жанады маңдайында.

Қарандар қас-қабақты сермесіне,
Сенесің қолдан намыс бермесіне.
Әсемдіктің шықты әне көрмесіне,
60 алқа тағынып кеудесіне.

Қабағы жеңгеміздің ашылғанда,
Симаған жанарында жасын бар ма.
Жаман мен Клараның шарапатын,
Дастан қып жеткіземіз ғасырларға.

**Қасым ағаға**

Бүгін, кеше көрмедім алдыңғы күн,
Өзің менен әніңе зармын бүгін.
Желеу болып жаныңа, иығыңнан,
Бөлісейік деп едім нардың жүгін.

Бұрын мұндай көңілде жоқ-ты алаңым,
Неге дертті (қызды емес) ноқталадың,
Аман алып қалады сізге деген,
Зор құрметім ол менің оқ қағарым.

Поэзия құмарым менің, сенің.
Ортақ бізге білесіз тегінде мұң.
Алып ұшып келіп ем жыр оқуға,
Кабинерден бүгін де көрінбедің.

Тірлігімнің кеткендей мәні құрып,
Сағыныштан сарғайдым жаным ұлып.
"Қыздың жолы жіңішке" деген бар ғой,
Барар едім өзім-ақ салып ұрып.

Көрсем екен деп келем өзінді әр күн,
(Дауа болар жаныңа сезім бәлкім).
Ағалаған көңілмен жыр арнадым,
Алдыңызда әрқашан жүзім жарқын.

**РузаАлдашева**

## Сара ханым

Ақбастаудан арқалап ел тілегін,
Теміртаулық жастармен тең түледің.
Жолығысып Домнада Жетісумен,
Нұркеңе жар болдың серті берік.

Жанарына сіңірген дала таңын
Замандастың бірісің Сара ханым.

Жақсылыққа пейілі тарылмаған,
Жастық алау жүректе жалындаған.
Бар дәуірді шындаған Комбинаттың,
Ыстығы мен суығын қабылдаған.

Теміртауды түлеткен қала салып,
Еңбеккердің бірісің Сара ханым.

Елің үшін елеулі іс атқарасың,
Бөбектердің тұрғыздың баспанасын.
Болашаққа жеткізер ұлы жолдар,
Мейірімінен Ананың басталатын

Сәбилерге ұсынған алақанын,
Мейрімді Анасың Сара ханым.

Балалықтың беткейде қалсада ізі,
Көкейде жүр өткеннің қанша аңызы.
Жетімдерді сипайтын маңдайынан,
Сендей болсын қазақтың барша қызы.

Жетім өскен қызы едің Сарыарқаның,
Жетімдерге панасың Сара ханым.

## Салауат

Бұл тағдырдың ауырын көтерді кім,
Кім танытты әлемге көсемдігін.
Мойындаған бәрі де, бар байлықтың
Ең қымбаты денсаулық екендігін.

Өндірістің шырқалып асқақ әні,
Еңбек жолы зауытта басталады.
Қазстрой полимерді тәмәм қылып,
Бұл күнде Коксохим-ның бас маманы.

Өмір алға түзесін көшін мейлі,
Білімсізді бұл заман кешірмейді.
Сондықтан да Коксохим өндірісте,
Бір мәселе Сәулетсіз шешілмейді.

Шомылған Аягөздің мөлдіріне,
Сүйсініп Сарыарқаның кеңдігіне,
Білім іздеп талпынған жас балапан,
Бақытта Теміртауға келдіміне.

Қосылғанда екеуі ән көсіліп,
Тауықсыз да ататын таң кешігіп.
18жыл махаббат тербетеді,
Сәулеменен бақыттың тал бесігін.

Бұл отауға бақытты кім қызғанар,
Ұл, қыз келді күн-кірпік, жұлдыз жанар.
Түндіктің төрт бауындай түйсініп тұр,
Еркін, Ермек, Динара, Индиралар.

Басынан бұлт, баурынан бау кетпеген,
Арқада Шатыршаға тау жетпеген.
Ақтоғайда сол таудан түлеп ұшқан,
Жігіт бар ортамызда Сәулет деген.

Сезімнің тұнығына батып терең,
Ару десе ақыннан тасыпты өлең.
18 жыл Сәулетке серік болған,
Ару бар арамызда Бақыт деген.

## Тілеукен

Төрт дүние дабырды таласуды,
Жай тыныштық жұп-жұмсақ қанатынды.
Қырықжылды қондырып қанатына,
Жаңатуды,Тілеукен,жаңатуды.

Жалын күнге жұпыны жел кеп қонып,
Жазыл дала жұпарлы жөргек болып.
Жігіт өсіп келеді жылы жүзді,
Қырық жастың қызығын кермек болып.

Толқынында Теміртау тасқынының,
Құрыш құйып шыңдаған жас ғұмырын,
Уа, табиғат, арманшыл ұлың үшін,
Аямашы жаныңның жақсылығын.

Тау сағынған күлкісін, бау сағынған,
Мөлдір бұлақ сусындат кәусәріңнан.
Өшірмендеркүмісәнкөмейінен,
Өшірмеңдер күй сазын саусағынан.

Сыр төгіліп кеудінің шанағынан,
Шабыт-сезім тағы да салады ылаң.
Махаббатты өшірме жүрегінен,
Мейірімді өшірме жанарынан.

Бұл ғаламның сыйқырлы сырын ұқшы,
Тағдырдан да табиғат сыры мықты,
Өшірмеші мінезден балалықты,
Өшірмеші Рухтан Ұлылықты.

Бірі мақтар,көпшілік,бірі күндер,
Тәжіге де иілмес иінін көр.
Қыздар қылық арнаңдар серілікке,
Аққайыңдар келін боп иіліңдер.

Қиындықтың қыспағын көрмеген соң,
Жеңіл жүріп шығамыз төрге несін.
Қайсарлықты өшірме жүрегінен,
Қыран ұшар қияда өрмелесін.

Қыз мінезді қызғалдақ қызықтырып,
Сәуле жүрсін жастықты жүз ұқтырып.
Өзгеретін біз емес өмір ғана,
Қарсы алыңдар өмірді күліп тұрып.

Жиһан кезген жолаушы етпей тыным,
Басымыздан дәурен жоқ өтпейтұғын.
Өмір тілеп қайтейін кідірмейтін,
Өмірбаян тілеймін өшпейтұғын.

## Тоқтар

Армысың арыстаным алыстағы,
Бас иген батырлыққа ғарыштағы.
Құттықтап елу жылдық мерекеңмен,
Келіп тұр Теміртаулық таныстарың.

Бір парыз елін тану ерлеріне,
Ұлына жайды құшақ елде міне.
Ризамыз туған жерді түңілдірмей,
50де еліңді іздеп келгеніңе.

50 жыл құлаш ұрып қарсы ағынға,
Сәуегей, көсемдерден шаршадың ба?
Шешендер сөз көбігін сапырғанда,
Шынымен Теміртауды аңсадың ба.

Ер едің қолың істен босамаған,
Тағдырдың қай қылығын тосады адам.
Үндістер комбинатты сатып алып,
Біз жүрміз сығалаумен босағадан.

Көп сірә білгеннен де білмесіміз,
Бұл жәйді Нүрекеңмен тілдесіңіз.
Кезінде Бабыр бабаң бағындырған,
Кәдімгі үндістердің үмбетіміз.

Тоқтаржан қойшы соны, құрсын бәрі,
Жөн бопты туған жерге ұмтылғаның.

Алыста, астанада жүрсеңдағы,
Ұмытпа Теміртауда жұртың барын.

**Раушан**

Саңқылдап қыран даусы қылың таңда,
Сейілбек Қараөткелден ұран салды.
Қаласа біздің Секең қар жанады,
Қаңтарда гүлдеп берді Раушаны да.

Семейдің қауыз жарып бақтарында,
Сезімі Алматыда ақтарылған.
Гүл еді болып тұрған толып тұрған,
Серіні Сейілбектей тапқанында.

Гүлдің де нәзіктігін білген қандай,
Құлпыртып омырауға ілген қандай.
Елемей тікенектің тырнағынан,
40 жыл гүл құшақтап жүрген қандай.

Шақырып қияларға тағы да арман,
Бұлардың Теміртауда бағы жанған.
Бүгінде қаламыздың ардақтысы,
Тілеуін Хақ тағалам қабыл алған.

Білімнің бұлағына болған ғашық,
Кіресің дәрісіне алшаң басып.
ВТУЗ-да студенттер, зачеткада
Сақтайды екеуінің қолтаңбасын.

Қайырлы құтты болсын жарқын жасың,
Жүректер аламанда алқынбасын.
Мысырдың байлығынан қымбатырақ,
Біз үшін екеуіңнің алтын басың.

## Елу жас

Қалайша ойдағыны жасыра алам,
Кім келіп кемеріне тасымаған.
Тілеукен кемел жасқа келгенінде,
Көмейін көрсетсін бір Қасым ағаң.

Бір жас бар ердің жасы елу деген,
Елуге бір ғанибет келу деген.
Бұл жасқа келіп қапты Тілеукен де,
Тірліктің несібесін теруменен.

Елу жас аптығынды басатұғын,
Сырын да серіліктің ашатұғын.
Талайға өгей болған бұл өмірдің
Ащысын, тұщысын да тататұғын.

Елу жас тілмен түйін шешетұғын,
Жиірек ой теңізін кешетұғын.
Газет пен теледидар бетін бермей,
Кәдімгі көсемдерше бөсетұғын.

Елу жас топтан торай шалдырмайтын,
Үйірін қысырақтың алдырмайтын.
Жар жүгін мойынымен көтеретін,
Нар жүгін жарты жолда қалдырмайтын.

Кезің бұл әліңді шын білетұғын,
Албырт жас бозбалаға күлетұғын.
Қызылға қиядағы ұрынбай-ақ
Сабырмен сайдағыны ілетұғын.

Кезің бұл тыңнан соқпақ салатұғын,
Елде сөз таста ізің қалатұғын.
Көлгірсу, көсемсуді былай қойып
Қақ бөліп қара қылды жаратұғын.

Бұл елу ашқан өмір құпиясын,
Қыздарға қырындаудан құтыласың.
Тілеке кемел жасың құтты болсын,
Қабылда дос - жаранның ықыласын.

Асу тұрса алдында шегінбеген,
Алысқанда жауынан жеңілмеген.
Тау құласа төсіне мызғымайтын
Ердің жасы емеспе 50 деген.

Шұғыл істен орын жоқ шегінуге,
Еріnуге мұрса жоқ, керілуге.
Нардың жүгін қайыспай көтеретін
Еңбеккер де өзіңсің елуінде.

Аптығында басылып,желігінде,
Сезімінде нығайып,сенімінде.
Ашып тастап көмейді ақыл айтар,
Ел ағасы өзіңсің елуінде

Өсекшінің өтпейтін сөзі мүлде,
Суарылған темірдей төзімінде.
Ұрпақтарың жүретін арқа сүйеп
Асқар Тау да өзіңсің елуінде.

Елу деген сондықтан өзіңе сын,
Ерекше бір өмірге кезігесің.
Тон тозсада тозбайтын көңіл болса,
25те өзіңді сезінесің.

Тозды - деп 50 көктем жасыпты кім,
Тұрсын көкте жанарын ашып күнің.
Бәрі тозсын,көйлекте,көлігінде
Тозбасын тек өмірге ғашықтығың.

**Есіңде ме, Ереке?**

"Армандастар"әнімен

Бір дәуірдің тұлеп ұшқан жастары едік,
Теміртаудың есігін бір ашқан едік,
Комбинаттың көрігін бір басқан едік,
Есіңдеме,Ереке?

Құтты болсын Ағалыққа бет бұрғаның,
Құтты болсын етек жауып ес жиғаның,
Әр жылынды тойла, Қызығына тойма,
Болашақтың қамын ойла,Ереке.

Ақылды да, Ақымақ та біздер едік,
Күнде қызық, күнде жанжал іздеп едік,
Бір сезімнің тұнығында жүзген едік,
Есіңдеме,Ереке?

Бастан Дәурен өтпейдідеп ойлап едік,
Қызық күнді, қылық түнді тойлап едік,
Араққа-да, картаға-да тоймап едік,
Есіңдеме, Ереке?

Арғымақ оза шапса тер кеппеген,
Арқаның жазығына жер жетпеген.
Төсінен сол Арқаның түлеп ұшқан,
Жігіт бар ортамызда Ермек деген.

Тәңірдің бергеніне тәубе-деген,
Жүрегін сан жігіттің әурелеген.
Ермекке жар,екі ұлға ана болған,
Ару бар арамызда Сәуле деген.

Бір басқан іздерімізқалсақырда,
Қонғаны Қызыр келіп баршамызға.
Бүгінде бір биікті басып тұрған,
Ермек пенен, Сәулені қарсы алыңдар.

**"Ақ бантик" әнімен**

Арқаның төрінде ержеткен,
Нұраның толқыны тербеткен.
Торқалы тойына жиылып,
Арнаймыз бұл әнді Ермекке.

Асау жүрек алып қашып,
Армандаудан жалықпасын.
Тыңдашы Ермек,
Тек сезімді тербеп
Ән қалықтасын.

## Ескен

Шырақ болған шырайлы, әз ұяға,
Тұрақ болған жеті асыл қазынаға
Ардақты әке. Абзал дос. Аяулы жар,
Өзің ғана орталық Азияда.

Еркелетіп бұлағы Егіндінің,
Күлкі болып көмейден төгілді үнің.
Отанында өскендер Қазыбектің,
Арқалаған қашан да сенім жүгін.

Айдарыңнан сипатып сері желді,
Жетеледің алпыс жыл керуенді.
Атойлаған «Ескен» - деп есіміңді,
«Ес-Аға» - деп атайды елің енді.

Бүгін міне Ақтаудың жас ұланы,
Сәлем беріп шығуға асығады.
Алпыс қырдан «Ей» - десең арттағылар,
Алдиярлап алдыңа бас ұрады.

Бар қызығын тірліктің жиып - терген,
Азатсың сен, Ес - Аға, күдіктерден.
Асқар белің - Алпысың құтты болсын,
Алда талай көрейік биіктерден.

## Идеал Ғалиевич

Құйып ап идеяны санасына,
Мән бермей жаласына,наласына.
Жақсыны жат тұтпаған жастық шағың,
Өтіпті Теміртаудың қаласында.

Қадырлы періштеңе,пендеңе де,
Ғалекең болып еді елге өнеге.
Жақсының жанға дауа жылы сөзі
Сананда әлі күнгі тербеле ме?

Аймағың Идеал деп танығанша,
Тұтанды тіршіліктің таңы қанша.
Елу жас айбарлы жас, айбынды жас
Қалың ел, қайран жұртың қабыл алса.

Ұштың да ПОЛИТЕХ-тың ұясынан,
Еңбектің қанат қақтың қиясына.
Тапжылмай тоғыз жылдай іс атқардың,
Қар Металл Конструкциясында.

Аймағың өнімге бір жарымады,
Өндіріс еді елге танымалы,
Естиміз сіз кеткен соң шайқалды деп,
Каз Строй Полимер-дің шаңырағы.

Қырандай кеңістікті қалап ұшқан,
Көк байрақ ту көтерді Қазақстан.
Байқаймын жүнжіп кетті шыққан ұрпақ,
Ақ-арыс, Бек-арыс пен Жан-арыстан.

Кетер деп егемендік қайда қашып,
Қиялмен кеттік білем айдан асып.
Ел үшін өзіндей бір Арыс керек,
Шығатын жалғандықпен майдан ашып.

Жасыңнан аян еді тектілігің,
Жұлдызың Елу бес жыл төкті нұрын.
Еліңе енді ғана Арыс болып,
Үзетін тепсе темір жетті жылың.

Бөктеріп Елу бестің қыр, шындарын,
Оң болғай тағы да алға ұмтылғаның.
Сенеміз қайда жүрсе ұмытпас деп,
Айбынды арқа сүйер жұрты барын.

**Имаш аға**

Теміртауға Имекең көрші келіп,
Отау тікті жүретін еркін еніп.
Арпалысып ақпанмен бірге туған,
Имекеңнің шіркін-ай,серті берік.

Алқынбаған озам деп басқалардан,
Еңбегімен бақытын тапқан алдан.
Жауынға да шыдатып, дауылға да,
Алпыс жасқа жеткізген асқақ арман.

Тек боранда туады қайсар жандар.
Көшкен екен, бақыттан қайтармандар.
Балқантаудан осында көшіп келген,
Шаңырақтар ылайым шайқалмандар.

Түні бойы дүрлікті қара боран.
Шайлығады жүрегің қарап оған.
Имекеңнің аулына жете алмайды,
Бір боранды жеңуге жарамаған.

Боран ұлып даланың саяғындай,
Автокөлік басады аяғын жәй.
Тек Имекең үйінің шамы ғана,
Шақырады теңіздің маягындай.

Ақ ниетпен толады жарлы бағы,
Алау сезім қарды да жандырады.
«Жете алмаспыз боранда» - деп түңілген,
Өшіп қалсын біреудің сандырағы.

Дос - жарандар жүрегі дүрсіл қағып,
Ақпанда да аулына жүрсін барып.

Ақ боранда жарығы терезеннің,
Маягіндей теңіздің тұрсын жаныпп.

## Қозыбай

Аңыз сөздер тектен - тек қозғала ма?
Шөптің басы бекерге қозғала ма?
Қозекенде негіз, аңыз болып,
Қалатұғын кейінгі бозбалаға.

Жетісуда бала боп қой бакқанға,
Бір момақан қозы деп ойлап қалма.
Теміртауда от жағып, отау кұрап,
Қошқар мінез танытты бойдақтарға.

Ақ арақты сусын қып шөлдегенде,
Ақ бұлақты кешетін ерлегенде.
Қазы - карта жүк болмай закөскеге,
Жайылатын бір уақыт селдерейге.

Тасығанда бір сыймай кемеріне,
Тәнті болса дүйім жұрт өнеріне.
Тәрелкелер билесе әуеніне,
Бұдан асқан қызықтың керегі не?

Бір қасиет дарыған асылдарға,
Тасып - тасып, бұрқанып басылғанда.
Арақ қалып басылып еркелігі,
Сопы болып енеді ғасырға алда.

Бүгін міне түскендей сабасына,
Байсалдылық құйылып санасына.
Қозы мінез Қозекең отыр әне,
Үлгі болып қазақтың баласына.

## Күміс той

Сезімдер бар шайқасаң төгілмеген,
Бас иемін осындай сезімге мен.
Ширек ғасыр өмірді ерге сүйреп,
Бір ошақтың отынан шегінбеген.

Тез ақ тозып кетеді сөзге ергендер.
Көнермейді қашанда көз көргендер.
Ширек ғасыр өтіпсіз бір өзгермей,
Жарты ғасыр өткенде өзгермендер.

**Алтынтой**

Тон тозса да тозбайды сезім деген.
Бас иемін осындай сезімге мен.
Жарты ғасыр арқалап өмір жүгін,
Бір ошақтың отынан шегінбеген.

Асқақтатып айтып тұр демесеңіз,
Алыптармен сіздерді тең етеміз.
Құтты болсын Алдияр -Айтош аға,
Алтыннан да ардақты мерекеңіз.

Алға сүйреп еңбекпен бар адамды,
Ежелден ақ ағамыз дараланды.
Арнар еді бір дастан өзіңізге,
Қайта шықса/Советтік Қарағанды/

Жарты ғасыр **құт** қонған іргеңізден,
Ұрпақ ұшты өз жолын ізденумен.
Алтын тойға шығыпты болашағың,
Кеше ғана өзіңіз жүрген ізбен.

Сырын ашар асылдың сынығы естіп,
Қияда қыз,ұя да ұлың өсті.
Қызу алып Елу жыл жанған оттан,
Жалғастыра береді ұлы көшті.

**Майра**

Айыл - тұрман, күміс ер сайлап алып,
Арғымақтың сипатып майдажалын,
Қызішіненқастерлепатамқазақ,
Ұлға балап өсірген Майраларын.

Сусындаған тұмадан ертелікте,
Мен өзінді ұқсаттым ерке елікке.
Жанарыңның жалт еткен жалынынан,
Кеткен шығар сан жігіт өртеніпте.

Махаббатқа келсе де еркелегім,
Қызуына құшақтың өртемедің.
Өкініш боп өтеді-ау өшпей тұғын,
Сүйреп қайтсаң сезімнің тертелерін.

**Мәми**

Адам болсаң жадырап кел, күліп кел.
Сәуле шашсаң сейіледі күдіктер.
Мәми апа береме деп сәулесін,
Әр кеш сайын елеңдейді Үміткер.

Өмір шіркін шен - шекпенге қарай ма,
Мәми апа жарық берді талайға.
Бүтінбе деп электрдің сымдары,
Әр кеш сайын елеңдейтін Бабай да.

Шапағаттың шетсіз шексіз аумағы,
Жанарларда талай сағым аунады.
Мәми апа подстанциясы қалай деп,
Елеңцейтін Бұхар жырау ауданы.

Адам болсаң өнеріңе ел сенер,
Хан сарайы боп кетеді жертөле.
Текеметтей құлпырады төрінде
Мәми тіккен құрақ - құрақ көрпелер.

Бүгін міне 60 жылды көтеріп,
60 мәрте гүлге толды етегі.
Үш ұл, төрт қыз асыраған апамыз,
Рулы елге атынды үлгі етеміз.

## Нағашы

Туысы көп қазақтың баласының,
Қайын жұртың, өз жұртың жанашырың
Жақсылығын бәрінен асыратын,
Жөні бөлек әрине нағашының.

Енші болып төрдегі, төбедегі,
Кейінгіге көрсетіп өнегені,
Әкем марқұм сендерге еркелейтін,
Құртты шашып құрықпен өредегі.

Біздер үшін, Нағашы, ертек едің.
Тарттың талай жиеннің тертелерін.
60-ында, Ағатай, бала болып
Әлі күнге келеді еркелегім.

Үйдің жақсы болмағы ағашынан,
Алмас қылыш сынбайды сағасынан.
Титтей жақсы қасиет болса бізде,
Бәрі, бәрі өзіңдей нағашыдан.

Сондықтан да біз үшін тұлғаң биік,
Лебізіңді бір аудан тыңдайды ұйып.
Ақшоқыға шуағын шаша берсін,
60 жұлдыз көгіңде тұрған күліп.

## Нұрлан

Жақсылықтан күдерін еш үзбеген,
Арманшыл ел ұрпағымыз біз деген.
Ата - бабаң желмаясын сабылтып,
Жалықпастан Жерұйығын іздеген.

Тәрік қылып серілікті, сауықты,
Бастан кешіп қорқынышты, қауіпті,
Жер жиһанды шарлап өтіп, бақытты,
Өз үйінің отбасынан тауыпты.

Ақыл айтам Меруертке Нұрлан мен,
Адастырмас ата жолын қуған жөн.
Өмір бақи іздеу парыз бақытты,
Өз үйіңнің отбасында тұрғанмен.

Сендер үшін басқа нені сұрайын,
Таусылмайтын арман берсін құдайым.
Бақыт деген-қуа білу бақытты,
Осы жолдан адаспандар ылайым.

**Ореке**

Өміркүрес,күреспесшарабарма,
Саусақтар бар жармасқан жағаларға.
Шайқастарда жалауы жығылмаған,
Ұқсағың кеп тұрады ағаларға.

Сенім керек сырқаттан емделерде,
Сезім керек сұлуға кем дегенде.
Жігіттіктен жылыстап кетсек-тағы,
Еркелегің келеді жеңгелерге.

Қиындықтың қырқасын талмай басып,
Оянатын таң нұры жанбай жатып.
Жұлдыз болып жаныңа үңілетін,
Ағалардың болғаны қандай бақыт.

Тамыз туып тамбаса тандайға түк,
Су сұрасаң беретін бал қайнатып.
Күлкісімен кеудеңе гүл егетін,
Жеңгелердің болғаны қандай бақыт.

Үлкен үйдің шаттыққа бай тұрағы,
Жабығынан күн күліп, ай туады.
Ағалар мен жеңгелер аман болса,
Әлі талай ақ тілек айтылады.

Жаз мінезін,көрмеген бір ескіріп,
Орекең жүр біздерге үлестіріп.

Қаз дауысы Батиха жеңгеміздің,
Алты қырдың астынан тұр естіліп.

Біз қайтеміз шапағат күтпегенде,
Буырқанып барады күш денемде.
Енді қайда ішеміз бұл шарапты,
Орекеңнің үйінде ішпегенде.

**Правда Сыздықұлына**

Әр елде әр кез тойласа жылды несі мін.
Уақыт заңын дәлелдемеген еш ұғым.
Меніңше тіпті әрбір адамдар өзінің,
Туған күнінде ашады жылдың есігін.

Адамдар ғана, алдамшы мынау жалғанда,
Адалдық, ерлік, жақсылық жәйлі армандар.
Уақыт-Ақша, Уақыт-Алтын дейтіндер,
Уақыт-Бақыт екенін сезбей қалғандар.

Бейқам бабамыз ойламаса да бас қамын,
Мың жылға дейін жеткізген екен жастарын.
Бірақ та олар жылдармен жасын өлшемей,
Бір жасап қалдым, дейді екен сәтті шақтарын.

Бір жасағаның жадырап жайсаң күлгенің,
Өмірде мән жоқ көңілді шалса күнде мұң.
Мың жаса деген алғысы елдің тек емес,
Мың жасағаның Бақытты өмір сүргенің.

**Мыңжаса**

Сапарға шыққалы атқа мініп,
Түсіппіз тәуіптік жолына.
Бүгінде ақ тілек ақтарылып,
Кеп тұрмыз торқалы тойыңа.

Алпыста қауызын ашып гүлің,
Биікке самғасын арманың.

Өшпесін өмірге ғашықтығың,
Сөнбесін арайлы таңдарың.

Толтырып құшақты қыр гүліне,
Құттықтап келіп тұр достарың.
Сен үшін бокалдың сыңғырымен,
Көңілді шәйіп бір тастадым.

## Жақия

Түлетіп Наурыздың жасыл әні,
Бүр жарды балғын терек жапырағы.
Жыл басы нұрға бөлеп, жырға бөлеп,
Әкелді дүниеге Жақияны.

Кім қорғаса мүдесін қазағының,
Қиынына төзеді азабының.
Тазалығын қорғаған табиғаттың,
Пейілдің де тілейді тазалығын.

Қамын ойлап халықтың, баспананың,
Бір уығын көтерді астананың.
Оралғаны киелі шаңыраққа,
Теміртаудың үмітін ақтағаны.

Мықтылығын танытып енді көпке,
Тазартпақшы бензолдан көлді де ептеп.
Түтіндерді мұржада тұншықтырып,
Теміртаудың аспанын мөлдіретпек.

Денсаулықтың тұрса да күзетінде,
Жора - жолдас, дос- жаран жүр есінде.
Құлын жаны тұрады құрақ ұшып,
Кем - кетігін бәрінің түзетуге.

Елу бес қыс өтіпті мұз жамылған,
Елу бес көктем келіп, жыр жазылған.
Науырыз гүлдей жайқалған тілектерді,
Жыл сайын жолдастардан жүр қабылдап.

## Рақымжан-аға

Торқалы той иесі жайбарақат,
Шіркін-ай бұдан асқан қайда рахат.
Ортада отағасы Рахаңа
Қалмады тағылмаған айдар, атақ.

Қаз ілген қаршығадай қомданады,
Осы ғой асыл кеуде тозбағаны.
Қабағын сәл көтеріп бойжеткенге,
Ілмейді кірпігіне бозбаланы.

Өмірі сарынындай ертегінің,
Арқалап келеді әлі ел сенімін.
Көтеру жеңіл емес шынын айтсақ,
Ел түгіл Айгүлдің бір еркелігін.

Жетпісті жамбастаған тұста мына,
Кеміте алған емес дұшпаны да.
Келеңсіз өткен кейбір жиырма бесің,
Тұрмайды жетпіс жастың пұшпағына.

Ағайды аялайды әр таң бүгін,
Ғасырдың көтереді салсаң жүгін.
Кейінгі өкше басқан інілерге,
Көрсетіп отыр әне дархандығын.

Жайып сап дастарханға жақсылығын,
Қанатын жаңа таңға қақты бүгін.
Сыпырып тоқсан жастың томағасын,
Жүзде де бір сынаңыз бақ тұғырын.

## Сайран аға алпыста

Сайран аға! Көңілге шаттық еніп,
Ақтарылды достардың ақ тілегі.
Серттен таймас сенімді сарбаздардай,
Алдыңызда алпыс жыл сап түзеді.

Мерей тойда бір жұтып қалмақ үшін,
Сарыарқадан кеп тұрмыз самғап ұшып.
Жиырмабестің кешегі жауынгері ең,
Алпыс жастың бүгінде сардарысыз.

Есіңізде барма аға өткеніңіз,
Гүл ұсынған қыздарға көктеміңіз.
Математик Сайрандай шығара алмай,
Теміртауда әлі тұр мектебіңіз.

Жақсылықтың жасыңнан жаттап әнін,
Ала жібін кісінің аттамадың.
Сіз кеткен соң жүр әлі жетімсіреп,
Ауыл шаруашылығы Ақмоланың.

Ойда-егін өсірген,қырда гүлін,
Ұрпағына Теміртау ырза бүгін.
Алты қырдың астынан көз тартады,
Алты алашқа әйгілі мырзалығың.

Өрісіңді бөлісіп,қонысыңды,
Кемтарларға ұсындың қол ұшыңды.
Жүк қалдырмас жолында қара нардай,
Әлі арқалап келесің борышыңды.

Сізге келсе табылып тілегені,
Қанша ұрпақ алдында түлеп еді.
Ұл мен қызың,кейінгі інілерің,
Өзіңізге әлі де сүйенеді.

Жомарттықтың тербетіп кең бесігін,
Атымтайы Сіз ғана жер бетінің.
Толтырумен келесіз әлі күнге,
Бүкіл Қазақстанның кем - кетігін.

Бүгін міне,балқытып ән шарабы,
Сезілмейді Сәкеңнің шаршағаны.
Неткен ғана бақытты жан еді деп,
Алпысыншы Наурыз тамсанады.

Жаң едіңіз өмірде күтінбеген,
Шүкірлікпен жыртығын бүтіндеген.
Желісінен танбайды жомарт жүрек,
Минутына алпыс қат лүпілдеген.

Жан едіңіз жеңілтек сөзге ермеген.
Ыстыққа,суыққадатөзгенденең.
Елу жылда ел жаңа болып жатыр,
Алпыс жылда сіз ғана өзгермеген.

Керемет кеш, келеді керемет таң.
Абзал жанды етпейік неге мақтан.
Дұғай сәлем әкелдік Сайран аға,
Құтты болсын мерекең келе жатқан.

Сатыбалды

Сәби боп тәй-тәй басып Қарасуда,
Шыңдалдың Теміртаудың қаласында.
Сол кезде білек қосқан жігіттерді
Есіңе анда - санда аласың ба?

Аңыз боп ортамызда атың қалды,
Сары бел Сарыарқаның даласында.
Құттықтап мерекеңе келген достар,
Қолыңды бір қысуға таласуда.

Бұндайда қызыл тілді тежепті кім,
Жалындап жастық шақта тез өтті күн.
Жететін бір Зауытқа өткірлігің,
Жететін бір қалаға өжеттігің.

Құрдастар сан сырыңды айтар бүгін,
Жететін рулы елге жайсаңдығың.
Дұшпанға бөгет болған қыңырлығың,
Достарға қуат берген қайсарлығың.

Тәлкегіне тағдырдың басылмадың,
Топ жарып ту ұстады батыр жаның.

Құбыр цехын жеткізіп сөресіне,
Қазхром-ның жүйрігін тақымдадың.

Бекер емес тарихтың бір ғасыры,
60-ында өзіңмен сырласуы.
Өзіңдей - ақлайым болсын дейміз,
Қамал бұзған қазақтың бір батыры.

**Тұяқов Ғабит**

Бала күнгі қалдырып қызықты есте,
Ғабең біздің келіпті қырық беске.
Сыбыры мол құрбылар сырласады
«Ер жасына жетпеген жігіт» деп те.

Сұңғақтығы он бестің шамасында,
Ой толғауы елудің арасында.
Қимылына карасаң жиырма бес, -
Деп бикештер өз ара таласуда.

Ел ағасы боларлық кісілігі,
Ерге іні боларлық кішілігі.
40 аруға жетерлік серілігі,
40 руға жетерлік түсінігі.

Сөз сөйлесе тыңдатқан кереңдерді,
Ұқсатасың кейде бір кемеңгерді.
Ғабең десе бозбала зыр жүгіріп,
Ғабең десе бойжеткен елендеді

Қиратпады қырықта қамал алып,
Қамал алу мақсат деп санамады.
45-те қанша артсаң халық жүгін.
Көтеретін мыңқ етпей қара нары.

Аумай төкпей ырысын қомындағы,
Қандай іске салсаң да қорынбады.
Ел сенімін, жар жүгін қоса арқалап,
Жүк қалдырмай келеді жолында әлі.

Қыста туып жігіттің қайсарлары,
Шынығады аязбен қаңтардағы.
Қырықынан шыққанда күн жылынып,
Дұрыс екен көктемнің қарсы алғаны.

Уа Ғабе, құтты болсын жарқын жасың,
Иілген ел алдында алтын басың.
Айдай жүзің әменде жарқылдасын,
45 - тің қызығы сарқылмасын.

## Деген екен

Совет дәуірінде Атқару комитеті басшыларды жиі жинап, жұмыс барысын талқылайтын. Осындай жиналыстың бірінде бір шешен Қасым Ботанов басшылық ететін тіс емханасын сснап өтед.. Жиналысқа қатысып отырған қалалық денсаулық сақтау бөлімінің бастығы Правда Сыздықұлы үзілісте Қасекеңе жақындап

- Мына сенн сынаған батыр «Қасекеңе тісімді салдырдым, жақсы болды» - деп мақтап жүр еді ғой, - депті. Сонда Қасекең:

- Абай айтқан « көргенсіз»,
Көздеместен мені атты.
Өзім салып бергентіс,
Балтырымды қанатты - деген екен.

## Жарты жыл емдеу керек

Кейінірек тіс емдеу ақылы болып кеткен кезде Қасекең қаланың құрметті азаматы Арғын Жүнісовты хирург - стоматолог Ерқанат Қамаровқа «Мына ағаңның тісін жақсылап емдеп бер» - деп тапсырады. Арада жарты сағат өткен соң Ерқанат Арғын ақсақалды ертіп келеді де :

- Ағаның тісінің жартысы - ақ қалған екен, жұлып тастадым. Бәрі жақсы болды, - деп тәптіштейді. Қасекең болса жымиып:

Нарықтың құлымыз ғой сен де, мен де,
Мәз болдың жарты сағат емдегенге,
Ақшалы ағалардың жарты тісін,

Жарты жыл емдеу керек кем дегенде, - деп ақыл айткан екен.

## Бмнің пайдасы

Әзіл - қалжыңы ылғи да жарасып жүретін Тілеукен Смағұлов Қасымнан «Тісімді емдетейін деп едім, сендердің емдеріннен пайда бола ма? - деп сұрапты. Сонда Қасым:

Құпиям еді бұл менің,
Артық болмас білгенің.
Тіс емінің пайдасы,
«Мазда» мініп жүргенім» - деп жауап берген екен.

## Оңай тәсіл

Қозыбай қартая келе шашы сиреп, нағыз қасқабастың өзі болады. Бірде Қозекеңнің әйелі Кертай Дәрігерлік кеңес ретінде Қасекеңнен - «Мынаның шашы сиреп барады, қалғанын қалай сақтасам екен» - деп сұрапты. Сонда Қасекен:

Сақтамаса шаштарын,
Сенде қарап жатпағын.
Жұлып алып қалғанын,
Тұмар қылып сақтағын, - депті.

## Соңғы тіс кашан шығады?

Бірде таныс келіншек Қасекеңе келіп, баласының тістері ылғи да қатты ауырып барып шығатынына мазасызданып жүргенін, мұндай азаптан құтылу үшін соңғы тіс қашан шығатынын сұрайды. Қасекең тұрып

Қызық екен сұрағың,
Білмейсің бе, шырағым?
Қартайғанда соңғы тіс,
Протез боп шығарын, - деген екен.

## Тістердің тегі

«Теміртау» газетінің редакторы Аманжол Ақын Қасекеңе келіп, баласының тұрақты тістерінің алмасып жатқаны жайында әңгімелейді.

- Алмасып жатқан сүт тістері болар - деген болжам айтады Қасекең.

- Жоқ-ә. Сүт тістері алмасып біткен. Бұлар тұрақты тістері, - деп бой бермейді Аужекең. Онымен қоймай :

- Мүмкін бұл ата тегімізден дарыған қасиет болар. Тіпті табиғатта бұндай құбылыстар кездесе ме? - деп сұрайды.

- Кездеседі - дейді Қасекең. - Мысалы акуланың тістері өмірінде бірнеше рет алмасады. Аужекең ойланып қалады. Қасекең тұрып:

- Маймылдансың - деді Дарвин, далбаса,
- Қасқырданбыз - дейді қазақ, ол да аса
-Дәлел емес қайта шыққан тістерге,
Арғы тегің Акуладан болмаса, - деген болжам айтқан екен.

## Әндер

### **Айгүл**

Жанарыңның айдынын,
Аңсап жүрмін Айгүлім.
Көңіл алаң өзіңмен,
Керісем деп қай күні.

Өзің болып әр сағым,
Елесіңнен шаршадым.
Шашың ба деп толқынды,
Сипап өтті саусағым.

Тамшыдайын төгілген,
Тұлымынды аңсадым.
Еркеліктен өрілген,
Қылығынды аңсадым.

Шашу шашқан уыстап,
Шаттығынды аңсадым.
Төсіндегі уыз - шар,
Пәктігінді аңсадым.

Ай астынан іздедім,
Мекенінді білмедім.
Жұмбақ қыз боп жұмақта,
Жасырынып жүр ме едің.

Күн астынан іздедім,
Күдерімді үзбедім.
Күтудемін қонар деп,
Жүрегіме бір менің.

Неге тым кеш жолықтың,
Нәзік гүлсің соны ұқтым.
Кірпігіңнен тамшы жас,
Үзілер деп қорықтым.

Қылығыңа шөлдедім,
Сан сұлуды көрмедім.
Өмірдегі ең соңғы,
Махаббатым сен бе едің.



# Анашым

Жылытқан жұмақтай ұяны,
Көңіліңнің көктемдей шуағы.
Тіршілік анадан нәр алып,
Алып та анадан туады.

Ұзақ түн көз ілмей, Бөпесін бағатын.
Сая жоқ өзіндей,Аяулы анашым
Күнім боп көгімде, Алаулап жанатын,
Шуақ жоқ өзіндей, Аяулы анашым.

Елжіреп ерекше сезіммен,
Бесіктің жырымен көзілген.
Мендегі сәбилік махаббат,
Жаралған, анашым өзіңнен.



## Теміртау вальсі

Арқаның асыр салып сері желі,
Нұрада кербез керіледі.
Жүрегі жанартаудай қаламыздың,
Түндігі түстік жерден көрінеді.

Күн аймалап көшені,
Көлден самал еседі.
Аңыз қалаТеміртау,
Алыптардың мекені.

Еңбектің бесігінде бағы жанған,
Тарихта саусағының табы қалған,
Қаламнан түлеп ұшқан алыптарды,
Ғарышқа шақырады сағым - арман.

Қайырмасы

Күлімдеп көкжиекте күн тұмары,
Тер сіңген балаусаға қыр тұнады.
Жастардың жанарында лапылдаған,
Ақ жалын алау гүлдей құлпырады.


Теміртау

## Аңсау

Жарық еді жұлдыздарым,
Биік еді аспаным.
Сәтті күндер, тәтті түндер,
Өте шықты қас қағым.

Артымызға қарайламай,
Алты қырдан әрі астық-
Қалай ғана абайламай,
Албырттықтан адастық.

Мауыт түннің қызықтырған,
Құрдымына үңілдік.
Таңғы шыққа тұнып тұрған,
Қырды қуа жүгірдік.

Тарпаң едік талай бала,
Тежемейтін тағатты.
Қалай ғана абайламай,
Асаулықтан адастық.

Таңқурайдың шырынына,
Боянатын ерінің.
Жел тараған тұлымыңа.
Шырмалатын сезімім.

Алма жүзің арайлана,
Бір жеміске таластық.
Қалай ғана абайламай,
Сол бақыттан адастық.

## Жаңбыр биі

Жазғы жаңбыр танытып ерке қылық,
Аспан астын жіберді ертегі қып.
Жылы тамшы төгіліп төбемізден,
Билеп ала жөнелді жер тебініп,

Жасқанбаңдар, келіндер,
Жалаңаяқ билеуге.
Жаңбыр шәйған еріннен,
Бал тамады сүйгенде.

Шаттық-шашу теріңдер,
Күн күркіреп күлгенде.
Жаңбыр сүйген еріннен,
Бал тамады сүйгенде.

Қызығына жаңбырдың қанап құмар,
Мөлдір әлем көгіңнен тамып тұрар.

Кәусарына кел құрбым шомылуға,
Тамшылардан берейін тағып тұмар.

Аласұрған ақ жауын ішінде мен,
Кереметке тап болдым күтілмеген.
Шыт көйлегің кеудеңе жапсырылып,
Көздің жауын алады мүсін денең.



## Қарағанды

Дабылын өндірістің қалап алдың,
Бақтүнеп Қызыр қонған Қарағандым.
Кен қоры қойнауында тұна қалған,
Киелі құт мекені бабалардың.

Күнінді жамыламын,
Гүлінді тағынамын.
Өзіңсің табынарым,
Киелі шаңырағым.

Таранып жасыл терек жапырағы,
Гүлзарлар серуенге шақырады.
Биікке бой түзеген ғимараттар,
Аспанның иығына асылады.

Жамылып зерлі бөрік қамқа бағы,
Сұқ көзден ғашықтарды қалқалады
Қыз-күлкі сыңғырлаған саясында,
Мақамын махаббаттың кайталады



**Сөнбейтін жұлдыз**

Сөнгенде батыс,
Шалғын да жатып,
Жұлдыздар шоғын санадым.
Осындай кеште,
Түседі еске,
Жұлдыздан алыс жанарың.
Мекенім шалғай,
Қараймын талмай,
Жетпейді қолым қиналам.
Сағынуды тек,
Табынуды тек,
Тағдырым саған сылаған.
Сазды сөзіңсіз,
Нәркес көзіңсіз,
Күн кешу маған қиындау.
Сағымды құшып,
Жетер ем ұшып,
Қолыңды созсаң қиырдан.
Қарсы алып таңды,
Көкжиек жанды,
Сөнеді енді жұлдыздар.
Мәңгі сөнбейтін,
Маза бермейтін,
Жүректе жалғыз жұлдыз бар.

Кезімде құштарлықтан жалыққан,
Сезімге шоқ түсірдің ғайыптан.
Көркіңе көңіл арсыз көз салса,
Жас ару бұйырмашы айыпқа.

## Сынбайтін жұлдыз



**Гүлім**

Көктем желіндей,
Өпкен көз ілмей.
Күміс толқындай,
Күлкін төгілген.

Жарық күнбісің,
Жалын жырмысың,
Алыс арманды
Аңсап жүрмісің.

Қара айнаға,
Ақ нұр айналаң.
Жеке сүйеді,
Самал аймалап.

Жазғы гүлмісің,
Назды сырмысың.
Нәзік үмітті
Жалғап жүрмісің.

Бақты арала,
Шықшы жағаға
Жарқын жүзіңнен,
Жаным садаға.

Жазық жермісің,
Тұнық көлмісің.
Жүрген жолықпай
Жарым сенбісің.



## Кешіккен сезім

Кезімде құштарлықтан жалыққан
Сезімге шоқ түсірдің ғайыптан.
Көркіңе көңіл арсыз көз салса,
Жас ару бұйырмашы айыпқа.

Жеткенде күзім шалғайдан,
Жолығып едің сен қайдан.
Иіскеп сүйсем маңдайдан,
Кетпейді дәмі таңдайдан.

Бәрін де түсінесің ақылдым
Самайды қырау шалған жасырдым.
Күнәсіз толқынына шашыңның,
Кінәлі саусағымды батырдым.

Жазғы түн торғын шәлі жамылып,
Түр аспан жұлдыздарын тағынып.
Жүректе дірілдеген бір алау
Болар ма келер таңға тамызық.

## Кешіккен сезім



**Қызыма**

Тұлымды таза таңым - ау,
Ақ үрпек балапаным - ау.
Бағыңа балап қондың ба,
Жарыңның алақанына.

Қонсаң да құтты ұяңа,
Әкелік көңіл қияма.
Қадірлі болғай жарыңа,
Қызындай болғай құдама.

Еркелеп өскен ертегім,
Ертектей болсын ертеңің.
Жаутаңдай қарап жолыңа,
Қимастық күйін шертемін.

Қонсаң да құтты ұяңа,
Әкелік көңіл қияма.
Бота бол Аруанаңа,
Құлын бол қызым құдама.

Тіл көзден сақтар тұмарым,
Сенімді болғай сыңарың.
Сендерді сертке жеткізген,-
Тағдырға тәубе қыламын.

Қонсаңда құтты ұяңа,
Әкелік көңіл қия ма
Болар деп қамқор өзімдей,
Тапсырдым сені ұұдама.

Қызалма сөзі мен әні-К.Ботамо




Аңсау.

## Періште қыз

Қара шашты таңғы шыққа малдың ба?
Қара қасты қарлығаштан алдың ба?
Дірілдейді қауыз жарған гүл - ерін,
Ең алғашқы махаббаттың алдында.

Жұлдыз тамған жанарыңа,
Жұмақ тұнған жамалыңа періште - қыз.
Қарағаның кеудеге нұр таратып,
Қара жалын - лапылдайды қарашық.

Кірпігіне күміс сәуле оралып,
Жанарыңнан келе жатыр таң атып.



## Романс

Егер мені сүйер болсаң шынымен,
Егер маған сенер болсаң шынымен.
Жанарымды тамызық қып, жалықпай,
Жұлдыздарды тұтатар ем түнімен.

Кілем қылып төсеп сайын даласын,
Шарайна ғып берем көлдің шарасын.
Желпуіш қып тербетемін тұсың да,
Көбелектің желден жеңіл қанатын.

Тауға да ұрып, тасқа да ұрып басымды,
Бірақ күнге сиғызар ем ғасырды.
Гүл шығына көмілдіріп күлкінді,
Ерінім мен құрғатар ем жасыңды.

Ай аспанға,ару жерге жарасып,
Қуаныштан гүлдер еді қарашық.
Бірін бірі таптар еді толқындар,
Ерініңді жіпсітуге таласып.

Күн боп күліп, Ай боп сүйіп түнімен,
Махаббат боп жүрегіңе үңілем.
Егер мені сүйер болсаң шынымен,
Егер маған сенер болсаң шынымен.



## Сағыныш

Қауырсын күз қоңыр көл құс түнеген.
Көңіліме қобалжу түсті неден.
Құстар қайтып барады, ұшады олар,
Мені өсірген даланың үстіменен.

Қаз дауысы тамызып санаға сыр,
Ауыл әнін есіңе салады ақыр.
Көлдің үстін тербетіп қанатымен,
Құстар сіңіп ауаға бара жатыр.

Сағыныштың кезі екен күз дегенің,
Туған жерге түсімде жүз келемін.
Текеметтей түрленіп топырағы,
Жатыр құстың жолында іздегенім.

Сағындырған абыз кер дуалы жер,
Ыстығыңмен жанымды суара бер.
Қауырсынын құлатып құстар өтсе,
Менен хабар келді деп қуана бер.

Үміт оты шуақ шашып жанардан,
Теміртауда тоғысыпты сан арман.
Елге деген ескірмейтін махаббат,
Жүректердің жалынынан жаралған.



## Тойжыры

Той дегенде желік кіріп кеудеге,
Арғымақтар аласұрды кермеде.
Алып болып кетті біздің ағалар,
Кербезденіп кетті кілең жеңгелер.

Керегеміз кең екен,
Тереземіз тең екен,
Ағалар мен жеңгелер,
Құтты болсын мерекең.

Көліміз көл екен,.
Сезіміміз сел екен.
Құрдастар мен құрбылар,
Құтты болсын мерекең,
Құтты болсын, құтты болсын мереке.
Думандатып қазақтың кең даласын,
Ән барады алты қырдан әрі асып.
Би төрінде жұлқынады жүректер,
Ерке қызға еркін жігіт жарасып.

Ару біткен бүгін ерке, қылықты,
Қызықтырсаң дәл осылай қызықтыр.
Жүрек біткен махаббаттан өртеніп,
Жанар біткен мейірімге тұнып тұр.

## Той жыры



## Туған жер

Алыс жолдан ардағын тосып алып,
Абыздалатәуетіпжатырәне.
Тағыпедітұмарқыпмойыныма,
Туғанжердіңкиелітопырағын.

Туғанжер-Аруанам,
Өзіңе жаным алаң.
Бір тұмар топрағынды
Сыйлашы тағы маған.

Абыз далам,алқалы атырабым,
Лүпілдеген жүректей жапырағың.
Торыққанда дертімнен айығамын,
Туған жердің иіскеп топырағын.

Өршігенде өзенің тасып ағып,
Қосылуға тамшы боп асығамын.
Анам еске түскен де,далам еске,
Туған жердің сипаймын топырағын



## Ұландар

Атам қазақ азаттық пен туысқан.
Атқа қонған аспан түстес ту ұстап.
Ел шетіне қауіп төнсе қапыда
Қамшысымен қарсы шыққан
қылышқа.

Қайырмасы

Алашым деп атой салып ұрандап
Шабуылға шыққан сайып қырандар.
Бабамыздың бар байлығы - даласын
Басқыншыға таптатпаған ұландар.

Сапқа тұрған бес қаруын құрсанып.
Қабанбайдың, Бөгенбайдың ұрпағы.
Аңыз қылып Аңрақайдың айқасын
Ауызынан тастамайды жұрт әлі.

Қайырмасы

Әлем кешкен сұрапылда кешегі
Әкелерім оққа кеуде төседі.
Бабалардан мұра қалған батырлық
Дарыйды екен ұрпағына деседі.

Қайырмасы.

## Жезқазған
### Әні Айдардікі

Қырларын жұлдыз сүйіп, күн қақтаған,
Мыс қорын қойнауында құндақтаған.
Көтерген Ұлытаудың ұлылығын,
Жезқазған жезді қалам қымбат маған.

Тамсанған күндіз ғалам,
Жезқазған жұлдыз-қалам.
Арулар күлкісімен,
Кештері сыңғырлаған.
Қанатын ғарыштарға талмай қағып,
Жездіні ғашықтарда таңдайды анық.
Лүпілі Жезқазғанның жүрегінің,
Біртіндеп бара жатыр әнге айналып.

Қыздары қыр гүліндей қылықты екен,
Өзінді енді қалай қыйып кетем.
Ән байлап арулардың жүрегіне,
Сезімді жүрегіне құйып кетем.

Жазғы түн торғын шәлі жамылып,
Тұр аспан жұлдыздарын тағынып.
Жүректе дірілдеген бір алау,
Боларма келер таңға тамызық.

## Аудармалар

Юрий Иванович Показанов

### Соғыстың бірінші күні

Әлі есімде жас тамғаны
Кірпігінен анамның.
Әкем алыс аттанғаны,
Түкпіріне ғаламның.
Қалғаны сол санамдағы,
Ерте ме әлде кеш пе еді
Әкем содан оралмады,
Анам жасы кеппеді.
Ұйқыда әлі қалам жылап,
Еніп тағы түсіме.
Әкем мінген қара арғымақ
Аулаға кеп кісінеп.

### Алыстағы

Жұпыны там, таныс жаға,
Көрем сені түсімде.
Мұңлы қайың алыстағы,
Нұрлы қардың ішінде.
Түн бойы жыр оқылатын,
Қайың үнсіз тыңдайтын.
Ай шатырда отыратын,
Жылы лебіз сыйлайтын.
Жұмбақ сәуле айналада,
Ертегі еді - түн деген.
Арбаушы еді ай - ғаламат,
Ғажап нұрмен гүлдеген.

### Балалықтан

Қысқы жолда келеді ұтып,
Құс қанатты ат - шана.
Жас орманнан желек ұшып,

Ақ қар таңдай тап-таза.

Жаңғырық та тыңдасады,
Юра, Андрей, Петяны.
Аспан асты тіл қатады,
Емес бізден кет әрі

Ақ қайыңдар шуылдайды,
Құр жібітті таңдайды.
Құлағымда шыңылдайды,
Қоңырауы валдайдың.

**Күз**

Маржан алқа ұсынамын,
Шыққа тізіп бояу мың.
Қызыл жаулық құпия қыз,
Құпия көз-аяулым.
Щаң жұқтырмай шашасына,
Таңқурайды теремін.
Қарт орманның батасын ап,
Нөсер-шөпке енемін.
Жетіп жетім орындыққа,
Шөпқораның сыртында,
Отырамын өзімді ұқпай,
Алды деп кім сиқырлап.

Естелік

Атам талдан тоқып шана,
Шанасына ғашықпын.
Ұлпа қарды осып қана
Із салуға асықтым.
Керқұланы жегіп бер деп
Мазаладым, желіктім.
Атам ермес ерікkенге,
Түске таман келісті.
Кеттік желіп, жарысты жел,
Әлем күміс жалатқан.
Қарсы алдымда ғарыш түгел,

Ұландар


А - там қа - зақ а - зат - тық - пен ту - ып - қан,
Ат - қа қон - ған ас - пан түс - тес ту ұс - тап
Ел ше - ті - не қа - уіп төн - се қа - ны - да.
Қам - шы - сы - мен қар - сы шық - қан қы - лыш - қа.
А - ла - шым деп а - той са - лып ұ - ран - дап,
Ша - бу - ыл - ға шық - қан са - ныр - қы - ран - дар.
Ба - ба - мыз - дың бар бай - лы - ғы
Бас - қын шы - ға тап - тат - па
ұ - лан - дар.

Көзге симас көк аспан.

## Ауыл көшелерінде

Жүрсем ауыл көшесінде,
Оралып кеп қаладан.
Жап-жас болып кетесің бе
Аумай қалам баладан.
Аңқаулықтан арылмаған,
Қара шашым, қой көзім.
Шарбаққа кеп дамылдаған,
Титықтатты жол да өзін.
Көнекөзді өзендерім,
Шомыламын құсындай.
Сол бақытты кезеңдерім,
Жүрегімнің тұсында.

## Көңілсіз кездесу

Далам алақандай еді,
Өзен түскен көлденең.
Ақбоз аттар таңдай еді,
Жарысатын желменен.
Тамаша еді көршілерім,
Кең пейілді армандай.
Енді бүгін көрші келіп,
Көл суалып қалғандай.
Сиреп орман, талды тоғай,
Арғымақ жоқ баяғы.
Көніл содан қалды толмай.
Ауылымды аядым.

## Сен кеткелі

Аспан жылап жасын төкті,
Жерде қалды құлазып.
Сен кеткелі жазым кетті,
Қысқа таман күз асып.
Ізді қырау шалды дағы,
Қарда жапты ертемен.

Жадымда тек қалды жалын,
Өзегімді өртеген.

## Қоштасу

Шала мас жаз тығылды шөмелеге.
Күзге қалған даламның күйі міне.
Будан кірді шатқалға кенеле ме
Қызыл күнді қыстырып мүйізіне.

Будан күнді әкетіп бара жатыр,
Зеңгір көктің құрсаулы құрдымына.
Төнгендей ақ басына заманақыр
Түпсіз аспан түнеріп тұрды жылап.

## Назым

Мұңайма! Жасыма!
Жолатпа құсаны.
Есуас жапырақ
Үміттің нышаны.
Аманда ай -күнің,
Күнә ғой қайғыру.
Жүректің жарасы
Бітелді қарашы.
Қамықпа! Ақырап
Тұрмайды қырсығып.
Есуас жапырақ -
Өмірге құлшыныс.
Жарада түнінде
Жазылар бір түнде.
Өткінші бәрі де.
Оксана, күрсінбе.

## Көзімді жұмсам...

Кезққйрық қанатын
Төбемде жаятын.
Сүт түсті атаммен
Күзетке баратын.

Жалынға құйылып
Күзет түн - ертегі.
Атам сәл жымиып,
Шежіре шертеді.
Сәбилік көзіме
Үңіліп аспаным.
Өтеді сезілмей
Қысқа түн қас қағым.
Жылқының жалында,
Күзеттің кештері.
Сөнбеді жадымда,
Жүректен өшпеді.

## **Бақытты** балалық

Бақытты балалық - таң құла,
Тербеші жүректі зердемен.
Алтын жал асауды алдыма,
Тағыдатартшы бір көлденең.
Жығылып асаудың жалына,
Деміммен ауаны қармайын.
Өтейін егінжай маңынан,
Шабытты даламды шарлайын.
Жетейін топ қайың шетіне,
Тоғысқан үш жолдың торабы.
Балалық бақытым, өтінем,
Түсіме енші бір оралып.

## Өткенді күтем

Күз келді. Қара жол жыртығын,
Сарғайған жапырақ жамайды.
Жайсаң жаз жағада тыншығып,
Үмітпен көктемге қарайды.
Екеуміз қоштасқан жағада,
Жайсаң жаз күтеді көктемді.
Ауылын сағынған баладай,
Мен дағы күтемін өткенді.

Сиыршымын,- сайға барам..
Оң жағыма шығыпты өзен,
Сол жағымда-көл шара.
Келем ойнап шыбықпенен -
Құрық мінген қолбала.
Сиыршымын, сайға барам,
Шөмелемен кезігем.
Көзтанысым майқарағай,
Саясында көз ілем.
Сұлулыққа сұқтанамын,
Жүргендеймін жұмақта.
Жұтам хауыз шық - шарабын,
Өзен жаққа жырақтап.
Көк шалғынның соқпақтарын,
Сиыр шарлап кете ме....

Ерік бердім, торпақтарым,
Айта көрме шешеме.

**Аптап**

Аспанның апшысын қуырып,
Жусанның кептіріп тандайын,
Ауланың шандарын суырып,
Қамшысын сілтеуге жел дайын.

Даланың тынысы тарылып,
Бетіне әжімдер тарайды.
МәңгілікТәңірге табынып,
Қыраттар аспанға қарайды.

Ауада қапырық қуырған,
Күйеді құстардың қанаты.
Уақыттың жылжуы тыйылған,
Сағымның жылжуын қарашы.

Биікке тамшы нәр тамбаған,
Қарайды қария қырағы.
Қанша ұшса топшысы талмаған,
Самғайды даланың қыраны.

Астында жаңа мектеп қанатының,
Жастарым жетік білсін ана тілін.
Дәстүрім, ата салтым, өткір өнер,
Бәрі де тапсын мұнда жарасымын.

Демей-ақ мұным көзге кеш еленді,
Көгертсін келер ұрпақ көсегеңді.
Үн қосып коңыраудың сыңғырына,
Ақының арнап отыр осы өлеңді.

**Руза Алдашева**

Ты давно не стучался ко мне,
А других я подавно не жду.
Не слезу осыпаю волне,
А рубины с ресниң уроню.
Как избавиться от маеты,
Каждый миг навевает тоску.
Все мне чудится. Явишься ты,
И приластится зори к ростку.
Но пока мой кораблик души,
Напоролся на айсберга ход.
О ! Муза , подруга спаси,
Растопи залежавшийся лед.

Ты молчишь, я в ответ ни гу - гу,
Улыбнулся, но тоже фалыпиво.
Только в песне твоей нахожу
Упоенья, таннұую игриво.
Только в песне звенит божество,
Только песней душа расңветает.
Озарится улыбкой чело,
Песня мне естество возвращает.
Лишь касается песни крыло,
В звуке лиры и млею, и таю.
Все грехи твои песней смело,
Все обиды за песню прошаю.

Снова степь полонили ңветы.
Снова с сердңа взлетели слова.

Снова в памяти явишься ты,
Закружилась опять голова.
Наши встречи - мираж наяву,
Мы с обрыва сорвались с тобой
**Я** рассыпала чувств бирюзу,
Но осталась гордой и прямой.
О тебе мне колдует заря,
Провоцируя сердца порыв.
**Я** давно позабыла тебя...
Отчего только плачу навзрыд.

**М.Балыкин**

Қала еді көрмегенім,
Жүк машина ақ танда.
Қыр төсіне өрмеледі,
Тиіп кетіп аспанға.
Сегіздемін. Күн қақтаған,
Шашым желге таранды.
Тамыз түні құндақтаған,
Жұлдыз тамған таң алды.
Шарт түйініп, базаршылап,
Қап үстінде келем мен.
Бұл Данилдың баласы ма? -
Төнеді түн төбемнен.

**Соғыстан соңғы би кеші**

Дуалдың екі құрбы етегінде,
Елемей сұлулықты өтемін бе.
Қос көйлек, екі бантик, екі жанар,
Топлый жалғыз ғана екеуінде.

Дуалдың арғы жағы клуб алды,
Би кеші өтіп жатыр қызығарлық.
Топлый аяқтарды алмастырып,
Біреуі кетті"биге бірі қалды.

Екі ару билеп алған күй көңілін,
Басылды соғыс өрті, биле бүгін.

Бір әке екі аяғын қиды осыған,
Осы үшін екінші әке қиды өмірін.

* * *

Сөнді жылы жасыл ағын,
Қонды баққа күрең күз.
Көлге төгіп жапырағын,
Қалғып кетті үйеңкі.

Жырға қанып түз жалбызы,
Тынды терек жағалай.
Қара шекпен күз қалғыды,
Қалжыраған анадай.

Күз бояуы қандай қанық,
Таза пейіл секілді.
Жүрегім тұр таңдай қағып,
Келбетіңе, кекілдім.

Өкпе менен айбынымды,
Жуып шайды жауының.
Қоғамындай қайырымның,
Қасиетті ауылым.

## Отау

Табиғатқа табынған Түрік бабам,
Тірліктің де тамырын ұмытпаған.
Жастар үшін тігілген Ақ отаулар,
Айнымайды жұп-жұмыр жұмыртқадан.

Салт дәстүрін сақтаған дана шалдар,
Пәлсапаға үңіліп қарасаңдар,
Жұмыртқаның ішінен қанат байлап,
Қияндарға ұшады балапандар.

Қара шаңырақ күмбезі жанұяның,
Қуұтар үйір үйіне қарияның.
Балапандар ұшқанша Қарлығаш- Би,
Жау шапса да жықпаған шаңырағын.

Нығымет пен Гүлбану сынай қарап,
Босағаға тұр әне тұмар қадап.
Тербетіп Алданыш пен Ақмаралды,
Жығылмайтын шаңырақ тұр аймалап.

## Қайдасың

Аспан асты сүттей жарық,
Қаймақ жұққан ай бетіне.
Керім кештер түске айналып,
Ай жүзінді салды есіме.

Күдерімді кеттің үзіп,
Қай қалада, қай жердесің.
Сен көгімнен өттің жүзіп,
Қалды көкте Ай - келбетің.

Салқындаған сезімімдей,
Табанымнан сыз өтеді.
Ай - келбетің көзін ілмей,
Махаббатты күзетеді.

Түнгі аспанның дәптеріне,
Үңілуге ерінем.
Сұлулықтың тәтті еріні,
Шарпып өтті демімен.

Тасып кеттім, айыптама,
Шаттықпа, әлде шабыт па?
Көңіл құсы жәйіп қанат,
Көгімде жүр қалықтап.

Тығыла тас құшағыма,
Тамашалап тұр алап.

Тораңғылдың бұтағынан
Жұлдыз самсап сығалап.

Тіл ұшынан тамызшы бал,
Тамылжытып таңдайды.
Сені бүкіл ғарыш мына,
Мендей сүйе алмайды.

Бағзы күнге қосып мұра,
Аманат қып табыстап,
Сен отырсың оқып дұға,
Екеумізге бағыштап.

Пәктігіңмен көрікті едің,
Жан күнәдан арылсын,
Ақ ниетің періштенің
Құлағына шалынсын.

Елесіңе күлімдеймін,
Сипағандай сағымды.
«Әумиін» деп күбірлеймін
Жәйіп алақанымды.

Қырда желек жәйіп алдан,
Арбап жанды ажары.
Мәрмәр мүсін қайың - арман,
Тарқамаған базары.

Ақын ба жыр арнамаған,
Ашып бұған бар сырын.
Есенин де аймалаған,
Жонған күміс - балтырын.

Сайда сиқыр су ағады,
Жапырақтар құйылып,
Мәжнүн талы мұңаяды,
Тарқатылып бұрымы.

Сезіміңе қаталатып,
Тағдырымнан тиылғам.
Мәжнүн талдың махаббаты
Маған сірә бұйырған.

### Өзіңсіз

Өзіңсіз мені **кім** қолдайды,
Миыма аяулым қонбайды.
Жағада жабырқап отырмын,
Өзенде өзіңсіз толмайды.

Көзімді көк тұман торлайды,
Көңілде күдіктер қоздайды.
Жалғыздық жаураткан жүрегім,
Ұша алмай қанатын қомдайды.

Жүйкені тоздырып мол қайғы,
Жылауық сезімдер боздайды.
Білгенім,өмірде,өлімде,
Өзіңсіз болмайды. Болмайды.

Қамшының қысқа сабындай,
Тірліктің таппай біремін.
Шау тартқан мына шағымда,
Тағдырға айтар тілегім...

Жырларым әнші құс болып,
Сайраса сансыз қорықта.
Немесе сол қыз болып,
Махаббатымен жолықса.

### Дерт

Көкірегім жалын,демім өрт,
Барады баурап мені дерт.
Күн өтті сені көрмедім
Қайдасың?
Тілектер қайда тоғысқан,
Жүректер қайда келіскен.

Алыстап күндер көріскен,
Сағынып қалдым періштем.
Қиылып түскен қасқайда,
Тұманды толқын шаш қайда.
Мен үшін жұлдыз-жанарың,
Жылуын бүгін шашпай ма.
Тағдырға барма жазығым,
Тағатым тозды,азыдым.
Осынша дерттің алдында
/Ауырдым/ -деген аз ұғым.
Жарық шағындай жасынның
Жанарындасың ақынның.
Армандап алыскетті,-деп
Жазғыра көрме ақылдым.
Кешірші болса айыбым.
Өзіңсің ғазиз зайыбым.
Өртенген өзен үстінен,
Өткізер сырға-қайығың.
Деміңе біткен дірілден,
Сезімдер қайта тірілген.
Кірпігің-күннің сәулесі,
Қабағың-пердетүрілген.
Айналдым сенің түріңнен,
Айналдым тәтті тіліңнен.
Тағдырда түйсік бар болса,
Айырмас ғашық гүлімнен.

## Тіршілік

Не десең де ғажап мынау тіршілік.
Мұнға бөлеп, ұйқысыз түн тұншығып,
Жастығында жатып алса қырсығып,
Танда тағы қуантады күн шығып.

Кеңістікті жаулап алып оттегі,
Бүр жарады көңіліңнің көктемі.
Әр сағаты аумалыда төкпелі,
Тіршіліктен асқан ғажап жоқ тегі.

Көненің қалған көзі едім,
Жырлайтын жырдың жалғасын.
Жаттаған сөзін көненің,
Ақынның жағы талмасын.
Тарихтың тарпаң өзені
Тағы да бұзды арнасын,
Толқында қалып пақырлар,
Кездескен талды қармасын,
Қожалыққалдыжәйына,
Түгендей алмай мал, басын.
Таба алмай тілін төренің,-
Әкімдер жатыр алмасып,
Өтпелі дәуір кезеңін
Әрдайым басқа салмасын.

**Абыз отыр**

Абыз отыр, ой қалың, ірге мықты,
Немересі ермегі күнделікті.
Кенет есік қағылды, жұмсады қарт,
- Баршы балам, сұрашы, кім келіпті.

Қонақ десе халықпыз құрақ ұшқан,
Немересі шарқ ұрып қуаныштан,
Атасына жеткізді жақсы хабар
-Бақыт кепті сізді іздеп тым алыстан.

Қарт күрсінді. Шынымен келгені ме,
Ғасыр бойы ел куә еңбегіме.
Рахмет. жолықсын кейінгіге,
Мен ризамын өмірде көргеніме.

Абыз үнсіз Ой қалың, ірге мықты.
Немересі қасында күнделікті.

Тағыда есік қағылды, жұмсады қарт
- Баршы балам сұрашы, кім келіпті.

Тағы қонақ, Оң қабақ тартады анық.
Жақсылық бұл, біледі барша халық.
Немересі жеткізді жақсы хабар
- Байлық келіп тұр екен, қарсы алайық.

Қарт күрсінді. Бір ғасыр сенделіп мен,
Ортақ болдым байлыққа елге біткен.
Рахмет. Дарысын кейінгіге
Мен үлгердім ада боп пенделіктен.

Абыз үнсіз. Ой қалың, ірге мықты.
Немере де ойлылау күйге еніпті.
Тағыда есік қағылды, жұмсады қарт
- Баршы балам, сұрашы кім келіпті.

Жалықтырған сан жолдың жорықтары,
Қарт байсалды, ақпайды толып қаны.
Немересі жеткізді жаңа хабар
Қанағат кепті сізбен жолыққалы.

Сонда қарттың дүр етіп сілкінгені,
Бойы сергіп, көмейі бүлкілдеді.
- Осы маған ендігі жанға серік,
Бар құлыным, есік аш, кірсін - деді.

Қарт бұйырды, қайтесің күтіп алмай,
Қанағаттың тартатын күші бардай,
Бақыт пенен Байлық та қоса кірді.
Таңырқайды жас бала түсіне алмай.

- Е, Тәңірім, қалдырма жаманатқа.
Үшеуіне қарайды шамалап қарт.

Түсінгенге, Бақытта, Байлығың да,
Жүреді екен ілесіп Қанағатқа.

**Әлди жүрек.**

Әлди, әлди жүрегім.
Мекен қылып жыр елін,
Тіл, көзінен сұлудың,
Сақтап сені жүр едім.

Қабыл болмай тілегің,
Неден кенет жүдедің.
Жадылады сені кім,
Табайыншы бір емін.

Бірге айтамыз әнді біз,
(Бақта міне жанды күз.)
Алып кетті ұйқынды,
Алып кетті әлгі қыз.

Сабыр, жүрек, асықпа,
Қан арнасын тасытпа.
Жалын қуған көбелек,
Еліктеме ұшаққа.

Ақиқат бар сөзімде,
(Аңғалсың-ау өзің де.)
Сұлуларды түгендеп
Бітірмейсің өмірде.

Он бесінде толады Ай,
Толған қыздан бол абай.
Лүпіліңнен жаңылсаң,
Кетеді олар жоламай.

Кетеді олар сүйдіріп,
Жалынына күйдіріп.
Кетеді екі аяқты
Бір етікке кидіріп.

Шаштары да әдемі,
Қастары да әдемі.
Қандай жарға соқтырар,
Әсемдіктің әлемі.

Әуселесін байқармыз,
Арбап бақты сайқал күз.
Жанарының астынан,
Жымияды сайтан - қыз.

Көзінді жұм, қарама.
Алдында аппақ шағала,
Абайсызда аларсың
Қауырсынын жаралап.

Арқалаған жар жүгін,
Жүректер де бар бүгін.
Әр жақсыға көз салма,
Жалқы жүрек - жалғызым.

Бітпес дауға қаларсың,
(Сабыр түбі сары алтын.)
Өшірейін шырақты,
Көздің шырын аларсың.

Тірлік басқа күндізгі,
Дуалайды түн бізді.
Сөндірейін Айды да,
Өшірейін жұлдызды

Әлди, жүрек, әлди - ай
Түн төсінде қалғыды Ай.
Махаббатты сорыңа
Жаратты екен қай құдай.

Кеттің алыс, түйеді күз қабағын.
Сағыныштан шығады сыздап өнім.
Бульвары-бақ, тауы-тәж, бұлағы-бал
Алматыдан мен сені қызғанамын.

Таныс жер ғой жылына неше көрген,
Сұқтанады ау жат көздер көшелерден.
Менсіз әлдебіреумен кіріп жүрген,
Қызғанамын барлардан, кафелерден.

Сымбатыңмен жанардың жауын алған,
Шығармысың сыланып тағы да алдан.
Сенің кәусар күлкіңе қанып жүрген,
Жігіттерден қызғанам бағы жанған.

Қалдым қалыс, тәртіпті бұзбағасын.
Жетім жүрек қалайша сыздамасын.
Мені сенен айырып алып қалған,
Теміртауға сен мені қызғанасың.

Біз дегенде жүрегі алып ұшқан,
Достар жиі кіреді сағынысқан.
Қызғанасың Нұраның айдынынан,
Қызға арнаған жырыммен шағылысқан.

Қар түскенде қызыққа кенелетін,
Қызғанасың қыстында кереметін.
Ұзын сонар ізбенен таусылмайтын,
Шаңғы мініп аулаққа жөнелетін.

Бір біріне жәудіреп, аландаған,
Саған таулар бұйырды, маған далам.

Бірін бірі аңсайды екі құрлық,
Қауышуға біракта жаралмаған.

Адам едім,санасыз ем, бейкүнә бір періште ем,
Сана кірді, татамын деп тиым салған жемістен.

Түйсігіммен сездім сонда, Арлы болу керегін,
Содан бері ұятымды әлі жауып келемін.

Жақсы, Жаман, АРдан басқа үлгірмедік біліп түк,
Жермен бірге Жаратқанның қарғысына іліктік.

(Өлмейтін боп кетерсіңдер, жемісін жеп пейіштің)
Алла бізді қуып шықты, мекендеуге жер үстін.

Адаммын ба айтшы, Хауа, осыдан сен нені ұқтың,
Бірақ дәмі тіл ұшында сонда жеген жемістің.

***

Жарға жықты жабайы Жылқы жылым.
Мүшел жаста жанымның жыртығы мың.
Ала қашқан 61 баса алмайды
Саған деген жүректің құлшынуын.

Құпиясы өмірдің ашылғанда,
Самайыма ақ күміс шашылғанда,
Мен өзіңе ғашықпын!!! Кәрілік пе?
Оның не ақысы бар ғашық жанда.

Жаның тыныш достарың күндемесе,
Кеш қайтқанда әйелің үндемесе.
Сырластарың құлақты сарсытпаса,
Көршің мазаламаса күнде неше.

Бірақ жан мен түйсікке тыным барма,
Тығырыққа тіршілік тығылғанда.
Үндемеудің өзі де үлкен күнә,
Кеуденде жан, ділің мен тілің барда.

Қорқынышты ғашықтар түн қатпаса,
Таң алдында құс әнін тыңдатпаса.
Жақсы, жаман тең түсіп таразыға,
Әділ қазы қоғамың тіл қатпаса.

Бұлт астына көміліп күн шуағы,
Ақын ашпай көмейін қырсығады.
Жарылардың алдында жанартау да,
Дәл осылай бұйығып, тұншығады.

Түйсігімді тепкілеп толқын ішкі,
Тарылтып ақ жіберді мол тынысты.
Заман тулап жатқанда, қоғам тулап,
Жүрек үнсіз қалғаны қорқынышты.

Алдыңда әлі үлесің,
Алдында әлі күткенің.
Әжең өлсе білесің,
Еркеліктің біткенін.

Адам жоқ қой ажалсыз,
Жалғасады ғұмырың
Әкең өлсе амалсыз
Ержетесің құлыным.

Өмір асау сәйгүлік,
Сипатпайды сауырын.
Анаң өлсе сол күні,
Қартаясың бауырым.

Ой жәйлаудың төсіне жыра салып,
Қыраттардан өзендер құласа ағып.
Ұқсайды сол ағынға өмірім де,
Ғасырларға сәттерім ұласады.

Ағын жылым өтпейді текке менің,
Ақиқатқа асығам жетсе демедім.
Тілеимін тек жағама, сусындауға,
Адал жүрек адамның беттегенін.

Қандай әппақ әлемнің кеңістігі,
Жаңбыр шәйған пәк гүлді келісті ғып.
Қарапайым осынау тіршіліктің,
Ғажап ақ қой жанына ең ыстығы.

Табиғатты түйсіксіз санасанда,
Құстың тілі тамаша ала танда.
Ауладағы дән терген балапанға,
Күз тоймайды мәңгілік қарасаңда

**Әтеш.**

Анам марқұм ұйқысы сергек еді,
«Кеш тұрғанның ырысы кем» - дер еді.
Оянатын әтешті үніменен,
Ырыс теріп соңынан ел де ереді.

Шық қонады таң ата күзгі гүлге,
Күз пейілден күдерін үзді мүлде.
Анам мәңгі ұйқыда, енді әтешті,
Тындап жатқан ешкім жоқ біздің үйде.

Күн нұрына табынған дана шалдай,
Шығысқа көз қадайды дала талмай.

Тауықсыз да келеді таң бозарып,
Әтеш әуре анамды оята алмай.

* * *

Аспан асты сүттей жарық,
Қаймақ жұққан ай бетіне.
Керім кештер түске айналып,
Ай жүзінді салды есіме.

Күдерімді кеттің үзіп,
Қай қалада, қай жердесің.
Сен көгімнен өттің жүзіп,
Қалды көкте Ай-келбетің.

Салқындаған сезімімдей,
Табанымнан сыз өтеді.
Ай-келбетің көзін ілмей,
Махаббатты күзетеді.

Түнгі аспанның дәптеріне,
Үңілуге ерінем.
Сұлулықтың тәтті ерінi
Шарпып өтті демімен.

Тасып кеттім, айыптама,
Шаттық па, әлде шабыт па?
Көңіл құсы жәйіп қанат,
Көгімде жүр қалықтап.

Тығыла түс құшағыма,
Тамашалап тұр алап.
Торанғылдың бұтағынан
Жұлдыз самсап сығалап.

Тіл ұшынан тамызшы бал,
Тамылжытып тандайды.
Сені бүкіл ғарыш мына,
Мендей сүйе алмайды.

* * *

Бағзы күнге қосып мұра,
Аманат қып табыстап,
Сен отырсың оқып дұға,
Екеумізге бақыштап.

Пәктігіңмен көрікті едің,
Жан күнәдан арылсын,
Ақ ниетің періштенің
Құлағына шалынсын.

Елесіңе күлімдеймін,
Сипағандай сағымды.
«Әумиін» деп күбірлеймін
Жәйіп алақанымды.

Қырда желек жәйіп алдан,
Арбап жанды ажары.
Мәрмәр мүсін қайың - арман,
Тарқамаған базары.

Ақын ба жыр арнамаған,
Ашып бұған бар сырын.
Есенин де аймалаған,
Жонған күміс - балтырын.

Сайда сиқыр су ағады,
Жапырақтар құйылып,
Мәжнүн талы мұңаяды,
Тарқатылып бұрымы.

Сезіміңе қаталатып,
Тағдырымнан тиылғам.
Мәжнүн талдың махаббаты
Маған сірә бұйырған.

Асуында алпыстың,
Жан түкпірін ақтарып,
Кіммен, неге айтыстым,
Нені іздедім, таппадым.

Жиырма бесте желігіп,
Тағдырыммен таластым.
Жаңбыр сабап, жел ұрып,
Тар соқпақта адастым.

Іздеп жанға бостандық,
Сан сүрініп, жығылдым.
Тілегі бір достардың,
Жалынына жылындым.

Елім, сенің құлың боп,
Шыққан жанның бірімін.
Бітірген де түгім жоқ,
Бірақ әлі тірімін.

Еліктеп бір сәулеге,
Табылардай керегім,
Ғазиз жанды әурелеп,
Әлі жүріп келемін.

Кешіп өмір өткелін,
Қанбай қойды құмарым.
Бір жұлдызша көктегі,
Арбайды да тұрады.

Себелейді жұмбақ ізді жасыра,
Бұл ақша қар
Бақ па қонар ғашықтардың басына.

Нем кетеді
Манаурайды батыс шамын өшіріп,
Тербетеді
Ай-сәбиді аспанның ақ бесігі.

Айналада
Тіршілік жоқ. Тынды самал шаршаған.
Аймала да
Сүйші жаным, сәтім ғой бұл аңсаған.

Көресің бе,
Тазалықтан жаратылған бұла түн.
Сенесің бе
Бұла түнде ғажайыптар туатын.

Ересің бе
Ертегіге апарайын жетелеп,
Күнә түнде
Қиялдауға құдіретің жете ме?

Баласындай
Періштенің құшағыма қонатын,
Дәл осындай
Перизат түн жігіт шақта болатын.

## Қорықпаймын

Қайтер дейсің қабағыма қонса мұң.
Қияметін көрдік талай ортаның,
Қорықпаймын жұдырығы жуаннан,
Әйелдердің көз жасынан қорқамын.

## Сәлем

Аралап көктің жолдарын,
Барады батып зорға күн.
Қанатын кештің хат қылып,
Сағыныш сәлем жолдадым.

Қабағын қымтап үлгерген,
Сырласып жүрмін түндермен.
Хауызын жарған сен үшін,
Жолдадым сәлем гүлдерден.

Жолдадым сәлем көлдерден,
Телмірген саған көздерден.
Көшелер, кештер, кафелер,
Бірі жоқ әлі өзгерген.

Өзіңсіз жолы тарылып,
Автокөлік жүр сабылып.
Бұлбұлдар әннен жаңылып,
Қалыпты бәрі сағынып.

Бақытты бақтар құс әнді,
Жапырақ сәлем ұшырды.
Бүгін түн түске ұласып,
Жеткізер сағынышымды.

Күн түнекке құлап барып,
Күңгірттенді теріскей.
Түн парызын жүр атқарып,
Ұйықта менің періштем.

Ай аспанда абайлаған,
Жел де тынды желіккен.

Қабағыңа қарайлағам,
Ұйықта менің періштем.

Жұлдыз үнсіз телміреді,
Құпиянды бөліскен.
Ертегіге сендіреді,
Ұйықга менің періштем.

Бақты тербеп бұлбұл әні,
Үйлесімі келіскен.
Сыңғырлайды қыр бұлағы
Үйықта менің періштем.

«Жар бола гөр кәміл пірім» -
Күбірлеймін мен іштен.

Таңға ұласты қадыр түні.
Ұйықта менің періштем.

## Орталық

Орталық пен оңтүстіктің арасын,
Қымтап алды қанатымен қара түн.
Құлдырандап қолдыаяққа тұрмаған,
Құлыншағым, қайда кетіп барасың.

Бұландайды дала жолы шаң жұтқан,
Қос рельс шайқалады шалдыққан.
Түнгі жолда сен де шаршап қалғырсың,
Қайырлы боп атсын саған барлық таң.

Таң алдында бүлкілдетіп бөксесін,
Поезд басар автобустың өкшесін,
Үзілмесін қос ішекті темір жол,
Оң жағыңнан туған айың өшпесін.

Орталықта, тылсым түннің түбінде,
Мен отырмын ғазал оқып күбірлеп.
Онтүстікте оянасың сен ертең,
Жанрында таңғы торғын дірілдеп.

Бұл тірліктің тілін ұқпай, сезіне,
Жүрек, бейбақ, жас үйіріп көзіне,
Жұлқынады, бөліне алмай екіге,
Ол байғұстың жұдырықтай өзі де.

**Нұраның зары.**

Түк көрмеген көкте күн күлімдейді.
Ғалам мәңгі, мәңгілік түңілмейді.
Сары Арқаның саумалы - мұңлы Нұра,
Әлде кімді әлдилеп күбірлейді.

- Әлди де әлди ұлдарым
Бағымды дәуір ұрлады.
Ақ сүтін берген анаң ем,
Бұлақ боп неге құймадың.

Әлди де әлди қыздарым,
Төкті ғой тағдыр ызғарын.
Өздерің үшін өмірден,
Кетемін болып құрбаның.

Жаралған едік ежелден,
Арқалау үшін ауыр жүк.
Тауларды мықты дегенмен,
Қойды ғой жалған жауыр қып.

Жауланды көңіл құштарым,
Алады кімдер құтқарып.

Зауыттан шыққан жуынды
Кеудеме басып, құшқаным.

Майсаға толмай құшағым,
Жұтады жұмақ-жұпарым.
Кеудемді қысып көк жөтел,
Көк түтін тағы жұтамын.

Мандайдың соры бес елі,
Барады мендеп кеселім.
Қайранда менің қызығым,
Кімдерге тастап кетемін.

Күл болып қамыс, қоғалар,
Құрдымға Нұра жоғалар.
Бейхабар өскен балалар,
Ертеңгі күнің не болар.

Болмады бақыт баянды,
Кім аңсар енді саямды.
Жауыртау қалды қырат боп
Маған да тажал таянды...

Қоңыр кеште, қоңыр үн сұңқылдайды,
Тайлақ мініп, той қуған жұртым жәйлы.
Көрік кеуде, қапсағай Комбинат тұр,
Қоңыр түтін мұржадан бұрқылдайды.

**Нәзіктік.**

Күлкің нәзік күмістің сыңғырынан,
Сыңғырына дем ұйып, дым құрыған.
Нәзіктікке мықтыны табындырған,
Құдіреттің күшіне құлдық ұрам.

Қабылдайтын музаны эфирдегі,
Антенналар - сезімтал кекілдері.
Желден жеңіл көгілдір көлеңкеңе,
Телміреді көңілдің жетім көлі

Қыл қобызға самал жел тиіспеді,
Шанағынан сәл ғана иіскеді.
Бұдан нәзік бола алмас бозбаланың,
Бойжеткенмен алғашқы сүйіскені.

Бөбек тілі шаттығын мүсіндеген,
Сәби сезім түкке де түсінбеген.
Капиллярды тепкілеп қан қысымы,
Саусағынның ұшында лүпілдеген.

Сары алтын сабырың қараң қалып
Тылсым тілге өтесің сан алданып.
Жүдеп тұрған жүйкені жұбатады,

**Комбинат**

Күрмеуін іздеп кесілген ойдың,
Жүйкесі тозды тәуіптің.
Құпия сыры шешілмей қойды,
Ақынға төнген қауіптің.

Санаулы сәттер қалды ма жырауға,
Қанды ма құмарға жүрегі.
Оқылмай қойды кардиограмма,
Табылмай қойды бір емі.

Тасып бір ақпай тамырда қаны,
Тұншықты жүрек дүбірсіз.
Алатын кейде жалынға жанып
От көмей анау бір үнсіз.

Адам боп әсте күтінбеген бе,
Жылжымай қалған қан мына.
Мың ойлар миды түтіп жегенде,
Мұң болып қатып қалды ма.

Дәрігер толқып ашып жіберді,
Ақынның томын көнерген.
Жөнелді сөйлеп ақын жүрегі,
Қырсықтау біткен өлеңмен.

Сөйледі жүрек - Бүтін даланың
Жарасы менде, шаң жұққан.
Мен емес жалғыз, бүкіл қазағым
Дауасыз дертке шалдыққан.

Егемен елде, басы бос пенде
Нарықтың кетті құлы боп.
Санасыз "Homo sapiens" терге
Саналы сөздің құны жоқ.

Тәуелді жылдар атылып дарын,
Тұншықты тумай шарана.
Түрмеге түсті батыр ұлдарым,
Ақындар жындыханаға.

Жарылып бомба, жұтынып аспан,
Көлдерім қалған жуынды.
Өркениеттің түтіні басқан
Болашақ әлі бұлыңғыр.

Қамал алатын ұлдарың қайда,
Ұл қайда орда бұзатын.
Масайып алып ұлиды айға,
Бөріден туған бұзақың.

Жер де тоналды, ел де тоналды,
Деменен туған діріл ем.
Қолыңнан келсе емде соларды
Мен дағы бірге тірілем.

Арсыздық билеп ала қашқалы,
Арудың ашып ақ төсін.
СПИД те жетті жалаңаштанып,
Соны емде мені қайтесің.

Кеміс тілімді, дүмше дінімді
Емдейтін барма тәлімің.
Қызарып піскен күлше - күнімді
Өшірді білем тәңірім.

Бәлкім содан да, дертті қоғамда,
Дәрігер болу қиын ақ.

Ізсіз өткен ғасырға тастап үлгі,
Кейде тарих кешпейді қас қағымды.
Келешектің бетіне қарау ұят,
Біреу жазып кетпесе дастанынды.

Ашпай жатып шығыста күн жанарын,
Сенің әнің тамсана тындағаным.
Сенің қайсарлығыңнан қуат алып,
Сенің ыстығыңменен шыңдаламын.

Жалыныңнан жадымда жасқанғаным,
Жанарымнан қабынған жас парлады.
Жалқын күнге теңедім, содан бері
Жер бетінен табылды аспандағым.

Алға сүйреп арманым - Асқарларым,
Биіктіктің барладым баспалдағын.

Ұстазымсың сен менің, Сол үшін де
Арналады өзіңе дастандарым

Шығысымда шаңқан шабыт, өренім.
Бір өзіңсің сүйенерім, сенерім.
Достарыңа дастархан боп жайылып,
Дұшпаныңа жұдырық боп төнемін

Өзің үшін намысымды қамшылап,
Еңбек етем мандайдан тер тамшылап.
Жауынында жасының боп өртеніп,
Шындарыңа шынарың боп шаншылам.

Күнің болып көгіңнен көз салмадым,
Үнің болып дабыл қаға алмадым.
Бүгініңнің шежірелі сазына,
Бір шумақ боп қосыла алсам, арманым.

Арылыпты далам қашан дүбірден,
Самал анау шүйіншілеп жүгірген.
Кеше Кенен Көк шолақты жырласа,
Комбинатты жырға қосам бүгін мен.

Салмағы бір дәуірдің бір басында,
Алыптың айбары бар тұлғасында.
Бұл менің иық қосқан жұмыстасым,
Бұл менің құрдасым да, сырласым да.

Көрмеген еңсесі бір аласарып,
Комбинат дәуіріме жарасады.
Комбинат пештерінен аспан жылып,
Комбинат жақтан бізде таң атады.

Айтып та жеткізе алман Алыптығын,
Кеудесін боран орап, қарыпты күн.

Бір сәтке дамылдаған құрышшыдай,
Шығысты шынтақтайды жарықтығым.

Еңсесі иілмейтін тау тұлғалы,
Арналған саған теңеу таусылмады.
Қанша жыр саған арнап жазылмады,
Қанша күй саған арнап тартылмады.
Пештердің жалынынан жылу алған
Сөнбейді жанарымның жарқылдары.

Тақпандар мақтандың деп кінә маған,
Кішіге Таудай теңеу қия ма адам.
Цехтарың - құздарың да, қиясына,
Қырандай құрышшылар ұйялаған.

Көне көз қариядай санар салтын,
Сырт көзге сабырлысың, самарқаусың.
« Аһ» десе кеудесінен жалын ұрған,
Жәй ғана тау емессің ЖАНАРТАУ сың.

Әйгілі жарты әлемге болды өнерің,
Еліме, жеріме де мол берерің.
« Таудай бол» деп айтушы ед қариялар,
Мен айтсам « Комбинаттай» бол дер едім.

Маған аян бүгінің мен өткенің,
Коксың мен бірге жұттым оттегін.
Атышулы ақындардың ішінде,
Саған сірә менен жақын жоқ тегі.

Алып мүсін, аруақтым, тұлғалым,
Сенде тұрып ғарышқа қол бұлғадым.
Айқайлар ем атынды атап әлемге,
Қарашы әттең тіл күрмеліп тұрғанын.

Сау басыма ақындықты тілеп ап,
Санама кеп ұйялады бір азап.
Байыптасаң екеуміз бір жастамыз,
Екеумізде Өмірбаян біреу ақ.

Ақының ем айбарыңа ынтыққан,
Жалын жұтып түтініңе тұншыққан.
Машық едім гүлді, қызды жырлауға,
Сен дегенде қалды міне үн шықпай.

Жырлау жеңіл қымыз жәйлә, қыз жәйлі,
Өзен, орман жыр желісін бұзбайды.
Табиғатта теңдесі жоқ құбылыс
Комбинатым, білмейді ақын мұндайды.

Іңкәр әнге қандыратын құлақты,
Жалын үні сыңғыры емес бұлақтың.
Тендесі жоқ теңеу тапсын дегендей,
Акындардың шабытына сынақ бұл.

Соған бола шабытымды құрышындай
шындаймын,
Дәрігер боп тынысыңды тыңдаймын.
Оттегі боп өртенемін , әйтеуір,
Өзің жәйлы дастан жазбай тынбаймын.

Комбинатым өзің құйған мүсінмін,
Өзіңменен бақыттымын, бүтінмін.
Лапылдасаң пешіңдегі жалынмын,
Быксып қалсаң төбеңдегі түтінмін.

Армандауда аспаныңа үңілдім,
Ауырлықта белің болып бүгілдім.
Пештеріңде тамызық боп тұтанып,
Өрмелеймін биігіне бүгіннің.

Лапылдасаң пешіндегі жалынмын,
Бықсып қалсаң төбендегі түтінмін.
Армандауда аспанына үңілдім,
Ауырлықта белің болып бүгілдім.
Пештеріңде тамызық боп тұтанып,
Өрмелеймін биігіне бүгіннің.
Бір кәдеңе жарасам да белсендім,
Конверторда құрыш болып өртендім.
Бүгінгі іс қалмасын деп кейінге,
Үлес қостым қимылына ертеңнің.
Жалынымен танды оятқан арайлым,
Қиялына қанат бердің талайдың.
Ақын емес сенің ғана көзіңмен,
Болашақтың келбетіне қараймын.
Сені жырлау менің мәңгі пешенем,
Жолым айқын ақ қаңылтыр төсеген.
Өзіңменен көркейеді өмірім,
Өзіңменен көгереді көсегем.
Абыройың атағыңмен бірге өсіп,
Тұрсың тіреп Отанымның іргесін.
Әлемдегі міндетінен ақынның,
Әлде қайда биік сенің міндетің.
Домналарда қызыл шойын лапылдап,
От шашады ұқсап бейне жасынға.
Бас иеді құдіретіңе бір сенің,
Құрышшы да, құрылысшы да, ақын да.

Ұқсап бейне еңбекші елдің қорғаны,
Отың маздап тұрсаң мәңгі болғаны.
Мүсіндейді мәңгілікке сені де,
От көсеген құрышшының қолдары.
Мен де саған борыштымын орасан,
Көмірің боп қозданамын қаласаң.
Менің дағы бақыттырақ болғаным,
Сенің қуйттай қажетіңе жарасам.

## **Кешікпе**

Тәулік сайын өзінді ойлап жүдедім,
Сағат сайын бір құшуды тіледім.
Түсін жаным, жалған мына дүние,
Қас қағым сәт бұл өмір.

Түсін жаным, баста дәурен тұрмайды,
Алдамшы арман бір өмірге симайды.
Бүгін сүйіп үлгермесең, болашақ
Бір минутын қимайды.

Қиялыммен жер түбіне жетіп те,
Өршіп аққан өзендерден өтіп те,
Бір өзінді іздеп жүрмін, аяулым.
Келер болсаң кешікпе.

## Кешкі қар

Күттірмей- ақ қар жауды кешке қарай.
Шығыс сөніп, батысқа көшкен арай.
Шырақтарды айналып көбелектей,
Қар жауған кеш қалмасын есте қалай.

Есте қалай қалмасын сен келген кеш.
Теміртауды тауыса сенделген кеш.
Мың мәртебе қоштасып, кетісе алмай,
Толқынында сезімнің тербелген кез.

Бұрын мұндай көрмеген ғажайыпты,
Ағаштар пәк киініп, тараныпты.
Жолығысқан жандардың бәрі әдемі,
Ақтозанда жамылған тазалықты.

Қала бөлек бұл түнде, бақ та бөлек.
Бізден басқа пенде жоқ жатқан елеп.
Құндыз шашың төгілген иығыңа,
Қалықтап кеп қонады ақ көбелек.

Еліктіріп сезімнің гүл етегі,
Ақын біткен көктемді жыр етеді.
Түсінбейді ау пақырлар, ғашықтарға,
Қыстында құшағының жылы екенін.

**Жиделі**

Өтті біздің ауылда жиде гүлдеп,
Мен бір бейбақ өткенді жүрген іздеп.
Мына қолат, торы қыз тобылғыдай,
Ант беретін "Жаныммен біргемін"- деп.

Біз жүрген із сондағы соқпақ мына,
Әлде нені еске алып тоқтап тұрам.
Неге сонша қарайсың пайыз торғай,
Өткен өмір сені де жоқтатты ма?

Маңғазданып, қанатың жәйіп қана,
Қариядай қарайсың айыптаған.
Жиделіге он жылда оралмадым,
Қандай жаза шынында ылайық маған.

Тобылғы қыз қоштасты дәл бесінде,
Тамшы тұрды кірпіктің пердесінде.
Жанарымды жасырып кете бардым,
Жиде-шаштың жұпары қалды есімде.

Кәне соқпақ сол күнгі жатыр әлі,
Ізімізді еспе құм жасырады.
Куәгерлер-топи жиде әлі тірі,
Парақтайды жел ғана жапырағын.

Бақташы елдің сенетін досы тоғай,
Мен кеткелі қалды ма қосы толмай.
Ащщы арағын құятын Бейқұт та жоқ,
Көзтаныстан қалғаны осы торғай.

Жалғыз қалған жүрекке сенеді кім,
Сәлден кейін батыста сөнеді күн.
"Шық-шық" етіп шеңгелде бармақтай құс,
Жариялап қояды төрелігін.

***

Жерсіз менің құнымжоқ.
Жерсіз менің күнім жоқ.
Енем жерге өлгенде,
Бірақ уыс күлің боп.

Жалаушасы мұраттың,
Желкілдеген құрақпын.
Айырма -деп- жерімнен
Тағдырымнан сұраппын.

Таң нұрынан жаралдым,
Таңғы шықтан нәр алдым.
Жапыраққа жиылып,
Тамшы болып тарандым

Тазалыққа жүгіндім,
Бұлақ болып жүгірдім.
Толқын болып жалтарып,
Жартастарға сүріндім.

Шатқалдарда шайқалдым,
(Аңғалдығым байқалды)
Жетіп бүгін жазыққа,
Өзен болдым байсалды.

Дәнді алқапты суардым,
Жеміс піссе қуандым.
Сезім болып тасыдым,
Төзім болып суалдым.

Жерсіз менің күнім жоқ,
Елсіз менің құным жоқ.
Елім сенің өтемін,
Құлақ кесті құлың боп.

Болса менде керегің,
Бұлдамай-ақ беремін.
Құлап бір күн мұхитқа,
Мәңгілікке енемін.

***

Жаураған бақ төрі,
Жамылды ақ бөрік.
Қыс келді ,жолаушы,
Аман ба ат-көлік.
Ақ парақ аланда,
Ағаштар аман ба?
Қайындар ұқсайды,
Қауырсын қаламға.
Жасауын жиып қыр,
Күмістен құйып нұр.
Далада,ауада
Уыздай ұйып тұр.
Төрінде мұнардың,
Төсінде шынардың.
Алланың рахымын,
Төгілтіп тұрар күн
Ақталып үміті,
Басқаны ұмытып,
Жауады аспаннан
Ақ қошқар түбіті.

Ақ кірпік,ай қабақ,
Ақ желек байлап ап.
Дамылдап жатыр ма,
Даламды аймалап.
**Ешкімге тәуелсіз,**
Кіршіксіз әлем, түз.
Қарға адым баспайсыз,
Сыңғырлы әуенсіз.
Айтатын ел сеніп,
Қырларым ертегі.
Қансонар мың іздің,
Тарихын шертеді.
Адасқан арманға,
Бола көр Аллам жар.
Бақыл бол ақ қарға
Ат ізін салғандар.

## Көніл сезімі

Жат болмауды кісіге қиялдаймын,
Жаным менің жалаңаш, ұялмаймын.
Жағажайда шешінген арудайын,
Көздің жауын аламын алудайын,
Тоғышардың торына сия алмаймын.

Жақындығын жандардың сезінгім кеп,
Жүрегімде жатады сезім гүлдеп.
Көрінбейтін сәуледен жылынамын,
Селқостықтың бөгетін жырып ағып,
Ақгарылып алдынца төгілдім кеп.

Шошытпайды бөгденің түрі мені,
Бетпердесі жанымнның түріледі.
Тамшыдайын жарасқан көл гүліне,
Көңілімнің тұп-тұнық мөлдіріне,
Бейтаныс та қысылмай үңіледі.

Адам үшін ашылды самал гүлім,
Көреді олар жанымның адалдығын.
Көреді олар жоқтығын қастандығым,
Жақсылығым бүр жарып жатқандығын,...
Қас пен Досқа бөледі адамды кім?

## Мектеп

Жаңғыртып жарты әлемді жар сал ақын,
Күн туды қуанышты қарсы алатын.
Бақытты бүлдіршіндер болды міне
Дәміне туған тілдің тамсанатын.

Талайдан осы сәтті аңсап едім,
Өшкенім лапылдады қайта менің.
Ашылды ана тілдің бір бұлағы,
Қуаныш құтты болсын дархан елім.

Жастардың жанарында тұнып айдын,
Көкте күн тамашалап тұрып алды.
Осы ғой өмірінде жолықпаған,
Арманы Абай, Шоқан, Ыбырайдың.

Бір мектеп Теміртауға тар бола ма,
Тар болса елім оған таңдана ма.
Көтерсін шаңырағын жаңа мектеп,
Әр қыстақ, әр ауылда, әр қалада.

## Наурыз

Мінекей қайта оралды сағынғаның,
Халайық Наурыз тойын қабылдағын.
Ырыс пен ынтымақтың мейрамында,
Қағындар қуаныштың дабылдарын.

Тайсалмай тәлкегінен тағдырының,
Жалғады жақсы дәстүр жаңғырығын.
Табылды тоқырау жыл жоғалтқаның,
Қайталап жаратылыс заңдылығын.

Ақындар тойды бастап асқақ үнді,
Ақсақал шеру тартып, атқа мінді.
Ұялап көзге күлкі, көңілге наз,
Ақ пейіл ағыл- тегіл ақтарылды.

Көрсетіп пейілдердің тазалығын,
Қайнады ырыс толы қазанымыз.
Күмбірлеп көже толы күбілерім,
Бір түлеп қалды тағы қазағымыз.

Уа халқым, неткен ғана жайсаң едің
Өшкенім лапылдады қайта менің.
Ұлыстың Ұлы күні құтты болсын,
Түтіні түзу ұшқан байтақ елім.

## Қасым совхозы орнады

Ассалаумағалейкум, Армысыңдар.
Назым бар айтатұғын алғысым бар.
Теміртау кеп бас иеді алдарыңа,
Ағайын Аққоралық бармысыңдар.

Арнайы ат арытып келіп тұрмыз,
Құттықтап Қасым атты мерекені.
Дәсүрін жоғалтпаған қыр адамы,
Көмейден күмбір қағып жыр ағады.
Шөліркеп келіп тұрмыз бір жұтуға,
Қасымның жыры сіңген мына ауаны.
Той қылып дүбірлетіп атырапты,

Орнады жаңа совхоз Қасым атты.
Киелі жерге келіп Теміртауға,
Бір уыс ап кетеміз топырақты.
Күй тартып, әнге бөлеп даламызды,
Жасартып салтымызды, санамызды.
Қасымның кіндік қаны тамған тұсқа,
Аламыз бір аунатып баламызды.
Кенттің тамашалап қыраттарын,
Кетпекпіз тауларына сыр ақтарып.
Бір сипап мауқымызды баспақшымыз,
Қасымменен сырласқан бұлақтарын.
Бұндайда жақсылықтың салып әнін,
Теміртау ортаңыздан табылады.
Шашу қып ән мен жырды ала келдік,
Ақынның риза болсын аруағы.

## Қайтемін

Жанарыңа ұйып қалдым қайтемін.
Жалыныңа күйіп қалдым қайтемін
Жазғы түннің аспанындай үңілген
Жанарыңды сүйіп қалдым қайтемін

Жастық шағым жырақ қалды қайтемін
Сыр таусылып сұрақ қалды қайтемін.
Он екіде ашылмаған бір гүлі
Сәби сезім жылап қалды қайтемін.

Жол шетіне келіп тұрмын қайтемін,
Ерінінде еріп тұрмын қайтемін.
Жер үстінің жаннатындай құшаққа
Тұтқын болып еніп тұрмын қайтемін.

Тағдырымды сынап тұрмын қайтемін,
Азабына шыдап тұрмын, қайтемін.

Сенен жұққан мынау дерттің дауасын,
Бір өзіңнен сұрап тұрмын қайтемін

## Көңіл

Алпыс жаста аптығым бір басылмай,
Шайқап төгем сезімді, жырға симай.
Отыз деген әлі жүр орда бұзып,
Жиырма бесің әлі де құрдасымдай.

Дәріс болмай жалғанның жалғандығы,
Миға кірмей жастықтың қалғандығы.
Әлі күнге жүреді жарға жығып,
Он бестегі жүректің аңғалдығы.

Дүрліктіріп жанымның жапырағын,
Жүрегімде қып-қызыл жатыр ағын.
Жиырмадағы аруға өліп - өшіп,
Ғашық бола салады арғымағым.

Өлер жерін сезе ме ақын бірақ,
Шақырады жұпар гүл, жасыл құрақ.
Өмір жайлы сырласа қалсам егер
Менен гөрі немерем ақылдырақ

## Омыртқа

Достарым, жайсандарым жалғандағы,
Түн қатып түзде қику салғандарым.
Төріме баса - көктеп шығындаршы,
Шаң жұқпас шашасына тарландарым.

Қыран көзбен бір шолып көш көлемін,
Асыра айтып жақсысын өскен елім.
Қоңыраудай көмейді күмбірлетіп,

Сенен жұққан мынау дерттің дауасын,
Бір өзіңнен сұрап тұрмын қайтемін

## Көңіл

Алпыс жаста аптығым бір басылмай,
Шайқап төгем сезімді, жырға симай.
Отыз деген әлі жүр орда бұзып,
Жиырма бесің әлі де құрдасымдай.

Дәріс болмай жалғанның жалғандығы,
Миға кірмей жастықтың қалғандығы.
Әлі күнге жүреді жарға жығып,
Он бестегі жүректің аңғалдығы.

Дүрліктіріп жанымның жапырағын,
Жүрегімде қып-қызыл жатыр ағын.
Жиырмадағы аруға өліп - өшіп,
Ғашық бола салады арғымағым.

Өлер жерін сеземе ақын бірақ,
Шақырады жұпар гүл, жасыл құрақ
Өмір жайлы сырласа қалсам егер
Менен гөрі немерем ақылдырақ

## Омыртқа

Достарым, жайсандарым жалғандағы,
Түн қатып түзде қиқу салғандарым.
Төріме баса - көктеп шығындаршы,
Шаң жұқпас шашасына тарландарым.

Қыран көзбен бір шолып көш көлемін,
Асыра айтып жақсысын өскен елім.
Қоңыраудай көмейді күмбірлетіп,
Бөсіп бір сөйлендерші бөспелерім.

Қызыл сөзді көндіріп ырқымызға,
Балта батпай май жұққан мұртымызға,
Бірімізді біріміз мақтайықшы,
Дұшпанымыз түңілсін сыртымызда.

Біз мақтансақ: жанарда айдын күліп,
Бет пердесін түсірер айдың жүзі.
Пәтер біткен біздегі - патша сарай,
Қатын біткен шетінен ханнықызы.

Ысырып тастап тірліктің сергелдеңін,
Жақсы болды-ау бәріңнің келгендерің.
Күлше піскен осынау демдеріңнен,
Жылынып сала берді-ау бөлмем менің.

Өмір жалған,өткінші; соны ұққаның,
Дүбірлеп қал жүректей толық қаны.
Бүгін де бір армансыз сілтейікші,
Бөліп жеп алдыдағы омыртқаны.

Дарын

Мынау мимырт тірліктен биік ұстап еңсені,
Ақындықтың шыңы тұр -Ұлылықтың өлшемі-
Ұмтылады бұл шыңға дарынсызың, дарының,
Өлең деген тылсымға таласы бар бәрінің.
Біреу еркін құлаштап қанат қағып шығады,
Біреу терге малынып, талаптанып шығады.
Шенін бұлдап біреулер, зорлықпенен шығады,
Табан жалап біреулер, қорлықпенен шығады.
Тек ілуде біреулер туады шың төсінде,
Пенделікпен ісі жоқ, лауазымда, есімде.
Тірлігінде таласпай, айналмай көз күйікке,
Өлгеннен соң шығады өзі туған биікке.

## Домбыра

Үкінің балақ жүнін тағынып бір,
Домбыра әлде кімді сағынып тұр.
Қу тақтай құлан дауыс күңіреніп,
Самал жыр шанағында сабылып құр.

Еліме ең қымбатты қазынаның,
Тұр мүлгіп шанағында әзиз әнім.
Күнәсіз жүкті болған күй сазына,
Қыз бөксе, қылша мойын кәнизагім.

Қазақтың ән аңсаған еркін елі,
Ортаға өзің келсең желпінеді.
Пернеде көк нөсер күй көбік шашып,
Тұсында тиегіңнің жел түнеді.

Үнінде ызындаған құлазып қыр,
Шектерің сырласуға сұранып тұр.
Фоно - Рок мезі қылып, сағындың ба,
Саусағын Тәттімбеттей бір алыптың.

Домбыра өзіңменен некеліміз,
Сал, сері сайран салған мекеніміз.
Достарды шақырайын, сезілшінші
Алыптардың ұрпағы екеніміз.

Артқа тастап жол сүргін, мол ғасырды,
Бір сенің біледі елім тозбасынды.
Тастайын аршып алып, қысылғанда,
Құйылған көмейіңе қорғасынды.

Саусақтар пернелерді талмай басып,
Домбыра сөйлеп берді тандайды ашып.
Тіліне барлық әлем түсінетін
Сырласыңның болғаны қандай бақыт.

## Жел

Жел желікті шатырды жұла қашып,
Басын шұлғып ауланың тұр ағашы.
Әлдекімнің, терезе артындағы,
Айқайына жатпады құлақ асып.

Жәбрейіл-жел жұлқынды жан алардай,
Алды-артына жөнелді қарап алмай.
Бұрыштағы будканы кетті аударып,
Төбелесіп тарқаған балалардай.

Бүгін сонша ашулы дүлей неге,
Сүйсініп те қарайсың, үрейлене.
Құғы қашқан Теміртау аулалары,
Сағат бұрын дәл мұндай түнермеген.

Түседі еске балалық, қырат күліп,
Төбелесте шандаққа құлап, тұрып.
Қарсы бала ызасын жеткізеді,
Малақайын бетіме лақтырып.

Бұзақы жел, бұзақы құрдасымдай,
Жұлқынып тұр ызасы бір басылмай.
Ертең бірге ойнаймыз, Достығымыз
Жүгіреді қуанып, қырға симай.

* * *

Өтті біздің ауылда жиде гүлдеп,
Мен бір бейбақ өткенді жүрген іздеп.
Мына болат, торы қыз тобылғыдай,
Ант беретін"Жаныммен біргемін"- деп.

Біз жүрген із сондағы соқпақ мына,
Әлде нені еске алып тоқтап тұрам.
Неге сонша қарайсың пайыз торғай,
Өткен өмір сені де жоғалтты ма?

Маңғазданып, қанатын жәйіп қана,
Қариядай қарайсың айыптаған.
Жиделіге он жылда оралмадым,
Қандай жаза шынында ылайық маған.

Тобылғы қыз қоштасты дәл бесінде,
Тамшы тұрды кірпіктің пердесінде.
Жанарымды жасырып кете бардым,
Жиде-шашты жұпары қалды есімде.

Кәне соқпақ сол күнгі жатыр әлі,
Ізімізді еспе кім жасырады.
Куәгерлер - топ жиде әлі тірі,
Парақтайды жел ғана жапырағын.

Бақташы елдің сенетін досы тоғай,
Мен кеткелі қалды ма қосы толмай.
Ашщы арағын құятын Бейбіт те жоқ,
Көзтаныстан қалғаны осы торғай.

Жалғыз қалған жүрекке сенеді кім,
Сәлден кейін батыста сөнеді күн.
Шық-шық етіп шеңгелде бармақтай құс,
Жариялап қояды төрелігін.

## Зілзала

Жасаураған жанарды мұңға малып,
Жүректерде сан сезім тұр қамалып.
Білек қосып күшіне Отандастың,
Ошағына кеп тұрмыз зілзаланың.

Жанарларды жіпсітіп құса мына,
Алапат күш адымды тұсады ма.
Жерге жамбас тимеді, шүкіршілік
Құладындар халықтың құшағына.

Қара шаңырақ морт сынды, қапы кетті,
Мызғымады ел ғана қасиетті.
Қара нанды бөліскен қазақ едік,
Бөлісеміз ел болып қасіретті.

Қайран елім, жатты да дос қылатын,
Көлденең көк аттыға тосты асын.
Жау шапқанда алты алаш бас қосатын,
Зілзалада мінекей, қосты басын.

Ғанибет қой қосылса білектер мың,
Менде бірге сілкініп дір еткенмін.
Баспана емес бүгінгі тартуымыз,
Жылуы деп біліндер жүректердің.

Дәру іздеп жаныңның жарасына,
Жеттік ұшып Теміртау қаласынан.
Аластаймыз, пәлекет жоламасын,
Жұмыр жердің жұпыны баласына.

Сарай салып сәнімен, келістіріп,
Толтырамыз көңілдің кемістігін.
Алты алаштың бірлігі бүтін болса,
Жәннатына жетеміз жер үстінің.

## Іле

Сағыныштан сарғайып, күдік шеккен,
Жарқабақтың иығы түсіп кеткен.
Анашымдай телміріп жағалауда,
Сүмбі тал тұр жолымды күтіп көптен.

Балалықтан бірге өскен, біте қайнап,
Мамыражай есіме түседі аймақ.
Түйіршігі құмының таныс маған,
Алыс кетсем айнымай күтеді айлап.

Толқындары тепсініп, көбіктенген,
Жиде гүлдеп жағаға көрік берген.
Қалай қиып кеткемін торанғылды,
Сері күнгі сертіме сеніп келген.

Бұлбұл мынау танысым, сайрап тұрған,
Түбек мынау, мен келіп қармақ құрған.
Қайран Іле мейрімі сарқылмайтын,
Арманымды ағысы жалғастырған.

Шабақ шоршып шым батты иірімге,
Көңілдің де босаңқы күйі мүлде.
Өкініш бар шараппен шәйілмайтын,
Отқа салсақ күймейтін күйігім де.

Күн құлады, қанатын суға малып,
Қамыс, қоға жағаға тұр қамалып.
Дауыл ұрып, шаң сіңген жылдарымды,
Шәйіп алсам қалар ем бір жаңарып.

Үкілерін жел жұлқып, аласұрған,
Үйрек ұшты қамыстың арасынан.
Толқын жәйды аялы алақанын,
Қалай үзсін күдерін баласынан.

Адам атам киелім, қасиетім.
Сеземісің ұлыңның қасіретін.
Саған жалғыз қабырғаң серік болды,
Әрекеніңді өшірмей қасіретін.

Мен де сүйдім, жүрегім жоқты іздеді,
Құмарлықтың киігі жеткізбеді.
Сая бақты таптадым аяқ асты,
Сенім Сират селінен өткізбеді.

Құшағына көміліп сайрандардың
Құштарлықтың күшіне қайран қалдым.
Сезім селі тасыса,топанынан,
Сақтамайды кемесі пайғамбардың.

Мен ғаламда түйіршік шағын ғана,
Бір тасқынның өткені жадымда бар.
Сезімімде қаншама тасқын өтіп,
Шығындалды қаншама қабырғалар.

Ынтызарлық ырқына табынғасын,
Құрбандығын тағалам қабылдасын.
Адам-атам, адасқан ұлың міне
Отыр қиып ең соңғы қабырғасын.

## Қазақпыз

Арғымақтың жалында абатты іздеп,
Бас июден бөтенге азатпыз деп,
Жәнібек пен Керейге ерген ұлыс,
Өзін өзі атапты "қазақпыз" деп.

Сұр жебені толтырып қылшанына,
Тақ балақан тасты да, қырқаны да.

"Қазақ" деген есіммен қайран бабам,
Тәуелсіздік тілепті ұрпағына.

Сөз қадірін бабалар білетінде,
/Болашаққа кішілік тілесін бе?/
Алып дала, асқар тау еншілеген,
"Еркін" деген ұғым бар бұл есімде.

Қалың жауға жасқанбай кіретін де,
Ел үшін өлімге бас тігетін де.
Қорғап өткен халқының еркіндігін,
"Батыр" деген ұғым бар бұл есімде.

Сұлулықты жанымен сүйетін де,
Махаббатқа өртеніп күйетінде.
Жалғыз атын соятын қонағына,
"Сері" деген ұғым бар бұл есімде.

Қиындықпен белдесіп, күресуде,
Шың басына байрағын ілетінде.
Толағай-тау жеріне жеткізетін,
"Алып" деген ұғым бар бұл есімде.

Алты алашта кеңдікті қалап алып,
Көшпенді жұрт өтіпті дараланып.
Еркіндікті, батырлық, серілікті,
Бір ұғымға сиғызған дана халық.

Бұл әлемге жоқ менің бөтендігім,
Ешкімге де кетпейді есем бүгін.
Бабаларым санама құйып кеткен,
Қазақтардың тәуелсіз екендігін.

## Қазақстан

Күн астында қыраны қалықтаған,
Танданады елімді танып ғалам.
Егеменді ел болды Қазақстан,
Асау өзен, асқар тау, алып далам.

Байрағымда көгілдір көгім қандай,
Әлемге айтар айдарлы сөзім бардай.
Қол созамын бақытты болашаққа,
Арманымнан алдағы көзімді алмай.

Еркіндікке, кендікке дала ғашық,
Ұрпағына дарыды дара бақыт.
Дастан болды достыққа адалдығы,
Сан халықтың тағдыры араласып.

Ат жалында, қомында қара нардың,
«Қанша ғасыр көштің» деп табалар кім.
Космостың жеткізді заманына,
Адастырмай ізінен Бабалардың.

Білек қосып бар ұлттың халықтары,
Достығына еш күмән дарытпады.
Ақ құрышты әлемге аттандырды,
Теміртаудың Толағай - Алыптары.

Өткеніне өкпесіз, сынай қарап,
Кеудесіне жастардың тұмар қадап,

Еркін елдің еркесі - ұл, қыздарын,
Отанымның құшағы тұр аймалап.

Күттірмей- ақ қар жауды кешке қарай.
Шығыс сөніп, батысқа көшкен арай.
Шырақтарды айналып көбелектей,
Қар жауған кеш қалмасын есте қалай.

Есте қалай қалмасын сен келген кеш.
Теміртауды тауыса сенделген кеш.
Мың мәртебе қоштасып, кетісе алмай,
Толқынында сезімнің тербелген кез.

Бұрын мұндай көрмеген ғажайыпты,
Ағаштар пәк киініп, тараныпты.
Жолығысқан жандардың бәрі әдемі,
Ақ тозаңда жамылған тазалықты.

Қала бөлек, бұл түнде, бақ та бөлек.
Бізден басқа пенде жоқ жатқан елеп.
Құндыз шашың төгілген иығыңа,
Қалықтап кеп қонады ақ көбелек.

Еліктіріп сезімнің гүл етегі,
Ақын біткен көктемді жыр етеді.
Түсінбейді ау пақырлар,ғашықтарға,
Қыстың да құшағының жылы екенін.

Бақты бағып,
Әдеттегі қызметін қыс атқарып,
Жапты тағы
Ағаштардың иығына ақ шәлі.

Шыршалардың
Самайына ақ шашақтар төгіліп,
Қырқалардың
Кеудесіне қонақтады көгілдір.

Қайтер дейсің қабағыма қонса мұң.
Бір бұл емес қабынуы қолқаның,
Мен өлімнен қорықпаймын, өздерін
Өлмейтіндей көретіннен қорқамын.

Қайтер дейсің қабағыма қонса мұң.
Жаһаннамға жетелейді жол-сағым,
Мен құдайдан қорықпайтын, құдайдан
Қорықпайтын кәпірлерден қорқамын.

Қайтер дейсің қабағыма қонса мұң.
Жүрегімді сезіміңмен қоршадым.
Қастығынан қорықпаймын өзгенің,
Мен өзімнен қорқамын...

## Кетем

Тақтан түстім, кетем енді қаңғырып.
Құзырыңа оралмаймын мәңгілік
Естімеймін өсегіңді, мен үшін
Мазмұндырақ жартастағы жаңғырық.

Дала жатыр, ашып құшақ айқара,
Тартып кетем, өлер жерді байқамай.
Глобустан іздемендер мені енді,
Енді мені іздемендер картадан.

Қызықтан да, қайғыдан да безіндім,
Талақ қылып тиянақсыз сезімді,
Ала қаштым елден мына кеудені,
Енді менің естімендер сөзімді.

Қара барқын аспан отыр күзетте,
Сәуле болып сіңіп барам түнекке.
Әуре болма тоқтатам деп арулар,
Махаббатқа орын да жоқ жүректе.

Көз алдымда көлеңкелер көлендеп,
Мен мұхитқа қайық салған өлермен.
Көз алдымда қара түнек, тек қана
Ақ қағазда қалып барад өлендер.

Сиқырлы түн тауыстың құйрығындай.
Кереметке көр кәне құлдық ұрмай.
Қызыл, жасыл ұшқындар жымындайды,
Алқаракөк аспанның құрдымында.

Қою қаранғылықты дара кешіп,
Қызыл ұшқын батыста барады өшіп.
Сансыз сәуле төсінен шашыратып,
Космосқа жылжиды қала көшіп.

Жететіндей дәл бүгін құштарына,
Тән разы даланы құшқанына.
Жусан иісін аңқытып кеудесінен,
Қала көшіп барады құс жолына.

## Жан тыныштығы

Жаның тыныш достарың күндемесе,
Кеш қайтқанда әйелің үндемесе.
Сырластарың құлақты сарсытпаса,
Көршің мазаламаса күнде неше.

Бірақ жан мен түйсікке тыным барма.
Тығырыққа тіршілік тығылғанда,

Үндемеудің өзі де үлкен күнә,
Кеуденде жан, ділің мен тілің барда.

Қорқынышты ғашықтар түн қатпаса,
Таң алдында құс әнін тындатпаса.
Жақсы, жаман тең түсіп таразыға,
Әділ қазы қоғамың тіл қатпаса.

Бұлт астына көміліп күн шуағы,
Ақын ашпай көмейін қырсығады.
Жарылардың алдында жанартауда,
Дәл осындай тылсымға тұншығады.

Түйсігінді тепкілеп толқын ішкі,
Тарылтып ақ жіберді мол тынысты.
Заман тулап жатқанда, қоғам тулап,
Жүрек үнсіз қалғаны қорқынышты.

* * *

Тәулік сайын өзінді ойлап жүдедім,
Сағат сайын бір құшуды тіледім.
Түсін жаным, жалған мына дүние,
Қас қағым сәт бұл өмір.

Түсін жаным, баста дәурен тұрмайды,
Алдамшы арман бір өмірге симайды.
Бүгін сүйіп үлгірмесең, болашақ,
Бір минутын қимайды.

Қиялыммен жер түбіне жетіп те,
Өршіп аққан өзендерден өтіп те.
Бір өзінді іздеп жүрмін, аяулым,
Келер болсаң кешікпе.

## КІММІН

Адаммын ба, аңмын ба?
Біледі тек бір Ием.
Жасағанның алдында
Жапырақ боп иілем.

Шаңқай түстің шатағын,
Шаттығын да көргемін.
Жолын қуған атаның
Жұмыр басты пендемін.

Қымызға да,қызға да -
Қызығамын, қараймын.
Кейде тіпті қызғанам
Қалындығын талайдың.

Кейде тасып керемет,
Көңіл қымыз,қымыран.
Жан жуымас пәлеге
Іздеп барып ұрынам.

Алауланып ажарым,
Күн ұялап көзіме,
Шаршы топтың назарын
Аударамын өзіме.

Қабағым-жаз түрілген,
Періштемін, құдаймын.
Жалғыз шумақ жырыммен,
Перизатқа ұнаймын.

Кейде өзімді түсінбей,
Жапырылып құрағым.
Алқалы топ ішінде
Жалғызсырап тұрамын.

## Мамыр

Мамырда күн күркіреді,
Басып сезім пернесін.
Жапырақтар сілкінеді,
Жауын шәйіп пердесін.
Дерткедауа жарқын,жәйлі,
Құлпырып қыр бөктері.
Ғасыр сімір таусылмайды,
Ауадағы оттегі.
Хас шебері қылқаламның,
Көктем-дарын оянды.
Қаламынан қыр жаңарды,
Гүлдер ернін боянды.
Жасыл түсті сұрап алды,
Жапырақтар көктеген.
Жаңа пейзаж тұна қалды,
Бояуы әлі кеппеген.
Құйды көлге күн күлтесін,
Күмістен зер жалатқан.
Қыздар өбіп қырдың төсін,
Дақ қалдырған далаптан.
Көк төсінде шұбатылып,
Тамшы төкті шаршы бұлт.
Алланың бұл рахымы,
Қалмаса екен сарқылып.

## Нәзіктік

Күлкің нәзік күмістің сыңғырынан,
Сыңғырына дем ұйып, дым құрыған.
Нәзіктікке мықтыны табындырған,
Құдіреттің күшін құлдық ұрам.

Қабылдайтын музаны эфирдегі,
Антенналар - сезімтал кекілдері.
Желден жеңіл көгілдір көлеңкеңе,

Телміреді көңілдің жетім көлі

Қыл қобызға самал жел тиіспеді,
Шанағынан сәл ғана иіскеді.
Бұдан нәзік бола алмас бозбаланың,
Бойжеткенмен алғашқы сүйіскені.

Бөбек тілі шаттығын мүсіндеген,
Сәби сезім түкке де түсінбеген.
Капиллярды тепкілеп қан қысымы,
Саусағының ұшында лүпілдеген.

Сары алтын сабырың қараң қалып
Тылсым тілге өтесің сан алданып.
Жөдеп тұрған жүйкені жұбатады,
Түйіршігі түйсіктің санандағы.

## Өмір сүргім келеді

Асау ат мініп, ауыздықпенен алысып,
Үстірттен соққан үскірік желмен жарысып,
Қымтанып қармен, боранға тосып бетімді,
Жазғы жаңбырмен қауышып,
Өмір сүргім келеді.

Сөзімнен қайтпай, қадалған жерден қан алып,
Жалын уыстап, күнде бір ашып жаңалық.
Жауыз біткендер жайратып мені сала алмай,
Ізіме түссе шам алып,
Өмір сүргім келеді.

Тұлпар ізіне тұнған шалшыққа жуынып,
Дуалап қойған қалды жын ішіп уынан.
Күнәға батып Адам мен Хауа анадай,
Пейіштен мүлдем қуылып.
Өмір сүргім келеді.

Тамшы боп тұнып жанарын ашқан хауызда,
Қалтырап қатып қаһарлы, дүлей дауылда.
Бітірген ісім, зая жұмсалған күшім де,
Айналып кетіп аңызға.
Өмір сүргім келеді.

Самалды сайдың оятып ,үнмен бұлбұлын,
Жаңбыр боп сүйіп бойжеткен, нәзік жыр гүлін.
Ақ торығын шәйі орамал болып оралып,
Мықынын қысып құрбының.
Өмір сүргім келеді.

Аптығып сезім, күніне қырық жаңылып,
Ат жалы, атан түйе қомында сабылып,
Тасыған қанның серіппесіне шыдамай,
Кеткенде жүрек жарылып, қалғып кеткім келеді.

Өмір маған бүгінде сырың мәлім,
Талай жылды жолыңа шығындадым.
Сапалағы сайтанның ұрынғаным,
Ұрына бер шыққанша шыбын жаның.

Топтан қалмай тойға бар қауқылдасып,
Бір жүз грамм тартып ал мауқың басып.
Наурыз күні бір шыбық отырғызып,
Кеуденді тос самалға алқымды ашып.

Көп нәрсеге жетпесін күшің мейлі,
Қара шекпен тіршілік кішірмейді.
Қарапайым өмір бұл, айды аспаннан
Аламын дейтіндерді түсінбеймін.

Құмарлықтың қылдырықтай қылымен,
Жылыстайды тамшылары сезімнің,
Сол бір мөлдір моншақтарды құйып ем,
Шарайнадай шарасына көзімнің.

Заманай құбылыспен таныспын,
Таныс таңы, құс ұйқылы түні де.
Жанарымда кесесіндей Жөміштің,
Дөңгеленіп тұнды төрткүл дүние.

Күздің жауы- дүниенің қызығы,
Мықты болсаң қу нәпсіге қарсы бар.
Жылай алмай отыр көңіл бұйығып,
Суалды ма сезімдегі тамшылар.

## Операция

Жаппар ием, кием-Алла тағалам,
Топырақтан мүсінімді қалаған.
Маған сыңар жаратпақшы болғанда,
Сені менен ампутациялаған.

Күрделі істе көздің майын тауысып,
Шаршағанда, кірпіктері қауышып,
Ассистенті әзәзілдің қолымен,
Қабырғалар кеткен екен ауысып.

Алласына аярлықпен табынған,
Қарашы ісін әзәзілдің қағынған.
Басқа тәнге телініпті сонымен,
Мына менің он екінші қабырғам.

Бір Алланың құзырымен жер-бесік
Қос жынысты өсіріпті тербетіп.
Бірақ ағза бір-бірімен сыйыспай,
Бақытсыз боп шыға кепті пендесі.

Пенделері батқаннан соң зар, мұңға,
Алла тұрып ақиқаттың алдында,
«Бірін - бірі өздері іздеп тапсын» - деп,
Істің соңын тапсырыпты Тағдырға.

Туа соқыр, Тағдыр, көрмес көзінді,
Туа керең, естімейді сөзінді.
Қателіктің қауіпі мол болған соң,
Жүректерге берсе керек сезімді.

Тағдырымен тайталасып шешетін,
Жүрек бопты жібермейтін есесін.
Көрсоқырдың кем-кетігін толтырып,
Махаббаттың қидыратын некесін.

Содан бері күйіп, сүйіп, бал ашып,
Ғашықтар жүр бір-бірінен адасып.
Өлшенеді тәлкегімен Тағдырдың,
Ләйләлар мен Мәжнүндердің арасы.

Өмір атты тылсымы мол тасқында,
Жүрек қалап қабырғанды таптың ба.
Сенің орның үңірейіп тұр әлі,
Мына менің қолтығымның астында.

Махаббатты жазып айдың астына,
Бұл фәниде таусылмаған аз сия.
Тағдыр - хирург, ассистенті жүрек боп,
Әлі жүріп жатыр операция.

## Елге оралған ағайындарға

Жауда қалса қайтер ең қандастарың,
Шемен шердің отырмын қозғап бәрін.

Бармысыңдар қатыгез, зар заманда,
Ағайыннан көз жазған боздақтарым.

Көн етікпен қыр кезіп кеттіңдер де,
Тар жол тайғақ кешуден өттіңдер ме?
Ауыздықпен су ішкен арғымақтар,
Арып ашып үйірге жеттіңдер ме?

Сүйінбеске бола ма шақта мына,
Ат айналып қазығын тапқанына.
Бір шоқжұлдыз болды ғой қосылғандай,
Түтін шалған Теміртау аспанына.

Жырға бөлеп өзімді өзгені де,
Шақырамын, шығыңдар төрге міне.
Үркіп ұшқан сезімтал аққуларым,
Құлазыған қоныңдар көлдеріме.

Жетпесе де жұртымда күтім мейлі,
Жыртығыңды пейілмен бүтіндейді.
Қаламызда азғантай ағайынның,
Сендер үшін жүрегі лүпілдейді.

Айнымас бабалардың сертін күткен,
Айрылмай келе жатыр ел тірліктен.
Көппен бірге көретін ұлы тойға,
Қосылыңдар қысылмай, еркіндікпен.

Арнасымен тарихтың қосыла аққан,
Мың мәртебе жығылған тосын оқтан.
Топырақпен туыстас халқым менің,
Тамыр тартып туады топырақтан.

Жат тұяқтың астынан сағым қашып,
Дұшпан енсе далама жазым басып.
Ауадағы оттегі өртке айналып,
Жалын болып шарпыған жазирасын.

Қуырылып даланың төсі күнге,
Титықтаса тарихтың көші мүлде.
Қазақ деген көшпелі керуеннің,
Дәуірінен хақы жоқ кешігуге.

Арылмаған серілік сан әдеттен,
Дархан еді керемет дала неткен.
Ата жауға жер үшін аттанғандар,
Ата жұрттан топырақ ала кеткен.

Көне аңызды қария айтады ептеп,
«Елу жылда ел жаңа» - қайта көктеп,
Науырызда қадалған жалғыз шыбық
Жайқалады келер жыл бәйтерек боп.

Атамекен сағынтып, жасыл алаң,
Қандастарым тарыдай шашыраған,
Туған жерден топырақ бұйырсын деп,
Жеткізеді жеріне басын аман.

Орталық пен оңтүстіктің арасын
Қымтап алды қанатымен қара түн,
Құлдырандап қолды аяққа тұрмаған,
Құлыншағым, қайда кетіп барасың.

Бұландайды дала жолы шаң жұтқан,
Қос рельс шайқалады шалдыққан.
Түнгі жолда сменде шаршап қалғырсың,
Қайырлы боп атсын саған барлық таң.

Таң алдында бүкілдетіп бөксесін,
Поезд басар автобустың өкшесін.
Үзілмесін қос ішекті теміржол,
Оң жағыңнан туған айың өшпесін.

Орталықта тылсым түннің түбінде,
Мен отырмын ғазал оқып күбірлеп.
Оңтүстікте оянасың сен ертең,
Жанарында таңғы толқын дірілдеп.

Бұл тірліктің тілін ұқпай,сезіне,
Жүрек бейбақ жас үйіріп көзіне.
Жұлқынады, бөліне алмай екіге,
Ол байқұстың жұдырықтай өзі де.

* * *

Жылжымайтын бұл өмір жас шағымда,
Армандайтын жатып ап жаз, шағылда.
Кім ойлаған сондағы тұғыр-тірлік,
Өтетінін білдірмей, қас қағымда.

Ойлатпады жігіттік дара басты,
Аламанға әп сәтте араласты.
Сәйгүлікке айналып - тұғыр тірлік,
Ауыздықпен алысып ала қашты.

Жеделдейтін тірліктің сыры бар ма?
Жүріс суыт, күшінді жығып алма.
Үлгірмеймін қазір түк, бұл уақыт
Кетті білем айналып зымыранға.

Таң алдында бүкілдетіп бөксесін,
Поезд басар автобустың өкшесін.
Үзілмесін қос ішекті теміржол,
Оң жағыңнан туған айың өшпесін.

Орталықта тылсым түннің түбінде,
Мен отырмын ғазал оқып күбірлеп.
Оңтүстікте оянасың сен ертең,
Жанарыңда таңғы толқын дірілдеп.

Бұл тірліктің тілін ұқпай, сезіне,
Жүрек бейбақ жас үйіріп көзіне.
Жұлқынады, бөліне алмай екіге,
Ол байқұстың жұдырықтай өзі де.

Жылжымайтын бұл өмір жас шағымда,
Армандайтын жатып ап жаз, шағылда.
Кім ойлаған сондағы тұғыр-тірлік,
Өтетінін білдірмей, қас қағымда.

Ойлатпады жігіттік дара басты,
Аламанға әп сәтте араласты.
Сәйгүлікке айналып - тұғыр тірлік,
Ауыздықпен алысып ала қашты.

Жеделдейтін тірліктің сыры бар ма?
Жүріс суыт, күшінді жығып алма.
Үлгірмеймін қазір түк, бұл уақыт
Кетті білем айналып зымыранға.

Сағыныштың сапарында,
Қанаттарын талдырып.
Құс оралды отанына,
Қысты артына қалдырып.

Құр бұтаққа қонған дарын,
Жаулап алды еркімді,
Орган өнді ормандарым,
Құлақ күйін келтірді.

Бармақтай құс құшақтаған,
Жазығымды жатсынбай.
Сызылтады бұтақтан ән
Қауырсынды сазсырнай.

Құс көмейден ақсын қайнар,
Серпіл сезім, тарқа мұң.
Қауырсынды сазсырнайлар,
Шәмші ағаның салшы әнін.

## Сексеуіл

Табанын құмға қарытып,
Тереңге тартқан тамырын,
Сексеуіл-абзал арысым,
Өзімді сенен таныдым.
Күн қақтап төсін шілдеде,
Кеудесін аптап қуырған.
Жерлесім, екеуімізге де
Бір ғана тағдыр бұйырған.
Жаз бойы сағым аунайтын,
Қырлардан қиқу қайтардың.
Табиғатымнан аумайтын,
Бұйырған бізге қайсарлық.
Жығылсақ шөлден тізерлеп,

Көтердік қайта еңсені,
Бұл жерден бізді жібермес,
өсетін елдің ертеңі.
Ақ жалын жұтып өтеміз,
Құм емес қызыл шоқ басып.
Өшкен күнде де,өшеміз
Қыздырып ошақ, отбасын.
Өрмелеп шығып қыратқа,
Балтырдан баттық шағылға,
Жібермес жерден қуат бар,
Тереңге тартқан тамырда.
Жұлқынып күзде өкпек жел,
Құшсада қыстың бораны.
Жеткізер сілем көктемнен,
Тоғысқан желдер торабы.
Аңызақ жанып,қамшылап,
Кезерген ерні далада.
Шөліркеп ішкен тамшыдан,
Шәрбатың кетер садаға.
Сағымын силап көгілдір,
Бізге де көктен күн күлген.
Ащысын татпай өмірдің,
Тәттінің дәмін кім білген.

## Сауға

Тәңірім, сақта әйелді.
Білетін айла, пәленді,
Күнәнің тәтті балына,
Батырған бүкіл әлемді.

Қиынға жердей төзімді,
Құтырткан құмар сезімді.
Ғажайып әлем - жатыры,
Жалғаған құйттай өмірді.

Арбаған, өзі арбалған,
Сезімге күң боп жалданған.
Ләззат алып таңдардан,
Өмірлік жолы жалғанған.

Құштарлық ұрлап жастығын,
Құлы да болған нәпсінің.
Дәмін де татқан тәттінің,
Дәмін де татқан ащының.

Бақпаған артын әліптің,
Аяй көр Аллам, нәзікті.
Сайтандық пенен пәктікті,
Маңдайға Тағдыр, жазыпты.

Сұлу боп туған Анадан,
Көркіне тәнті бар адам.
Жемістен піскен дәметіп,
Жігітте, шал да қараған

Жүйкесін жүндей түтетін,
Жолыңды жылдап күтетін.
Кеше көр, Тәңір, әйелді,
Тозаққа барып түсетін.

## "Теміртауым" тұңғышым

Қаламыз ба деп көз жазып керемет тілден,
Қам жеме халқым, келеді кебенек киген.
Екі жыл бұрын жаңғыртып бабаның сөзін,
Үнпарақ едің елімді елең еткізген.

Шыңдалған құрыш қаламың, қырағы көзің,
Атадан қалған ұлағат ұнады сөзің.
Тіл менен ділдің отына тамызық болған,
Атойы да өзің қауымның, ұраны да өзің.

Саясат еді жігерін жасытқан ердің,
Сындарлы сөздің көмейін ашып та бердің.
Кеңейтемін деп аясын Ана тілімнің,
Төрткүл дүниенің тамырын басып та
көрдің.

Тұңғышы болдың, тағдырың несіп еткенбе,
Не жетсін шіркін қиянды кешіп өткенге.
Көрікті сөйлем көмейден құйылсын дәйім,
Көңіл көзі ояу сезімтал көкіректерге.

Жүзінші дана қалама тарады дағы,
Жаттады тілді балауса дала бұлағы.
Алыстығы жоқ деседі көрінген таудың,
Ертең-ақ Ана тілімнің жанады бағы.

## Анатілім

Менің тілім, ғасырлар мүсіндеген,
Келбетіне көлеңке түсірмеген.
Көмейінен жыраудың көрінеді,
Көне дәуір, жүрегі лүпілдеген.

Адам - Атам пейіштен шашақ терген,
Ұрпағына бұйырды атақ төрден.
Менің тілім емес пе, Атамыздың,
Есімін де «Адам» деп атап берген.

Ана тілім, үстінде жер кеменің,
Ана сүтпен өзінді емген елім.
Тарихшылар білмейді, заманында,
Сақтар менің тілімде сөйлегенін.

Біте қайнап, бірге өскен Түркіменен,
Ұранында ұнлардардың күркіреген.

Қорқыт болып Оғызда күңіреніп,
Майқы бидің қосында бір түнеген.

Санамызға сіңіскен, ділімізбен,
Табиғаттың сабақтас тіні бізбен.
Жаңбыр шәйіп, жел сүйген, күнге күйген
Жусан иісі аңқиды тілімізден.

**Осы** тілде анамның алақаны,
Осы тілде атады дала таңы.
Сөз атасын силаған халық ертең,
Ауызына әлемді қаратады.

## Терезеңнің алдында

Жұлдыз жоқ болар тамызық,
Жанары сөнген Айдың да.
Қаланың демі тарылып,
Тұншықты қара айдын да.

Төбемнен төніп қара аспан,
Торлады тұман бетімді.
Мен бейне кеме адасқан,
Терезең маяк секілді.

Отырсың үнсіз, ойланып.
Көрмейсің мені беу неге?
Мен тұрмын жіпсіз байланып,
Табынып асыл бейнеңе.

Қылындай қылыш жүзінің,
Найзағай тілді түнекті.
Бір тамшы түсті үзіліп,
Бір жүрек шала дір етті.

Тигендей жасын жанарың,
Дір етті жүрек мендегі.
Сағынып қаппын қарағым,
Сездің бе, әлде сезбедің.

Терезең ашық алыстап,
Арадан өтті сел жүріп.
Отырсың үнсіз қарышта,
Түнекке түпсіз телміріп.

Кірпігі көктің ашылмай,
Төгілді жаңбыр -сезімің.
Соқырдың саусақтарындай,
Іздейді сені ерінім.

Өзіңе қалқам аманат
Байлық-ырыс тағдырдың.
Берейін қылсаң қанағат,
Жартысын патшалығымның.

Жанымды өтті шарпып от,
Бейнеңе тұрмын сыр ашып.
Тәңірім-ау,алтынтамшыбоп,
Құшағыма кеп құлашы.

## Жол шетіндегі терек

Шулы, нулы өмірді елестетем,
Қуғын сүргін маған да емес бөтен.
Жол шетінде сонау бір жалғыз терек,
Шығып қалған жолаушы емес пе екен.

Сірә мен де теректей күйге енгемін,
Сүргіндерім азайды, күйбендерім.

Жолдың талас, тартысын, дабырасын,
Күйіп піспей қабылдап үйренгенмін.

Киіз үйдей көлеңкем- шағын ғалам,
Саясында талайлар дамылдаған.
Бір өмірдің абзалын, арамзасын,
Бір атаның ұлындай қабылдағам.

Бірдей қарап қараша, хан ұлына,
Бар ықылас жанымнан табылуда.
Су тамызған біреу жоқ, бір есерсоқ,
Бір күн балта шабады-ау тамырыма.

Халім солай түсінбе, түсін мейлің,
Өзімді өзім жұбатам, бүтіндеймін.
Жолаушыға тигізер сауабым аз,
Зияным жоқ соған да шүкір деймін.

Жеткізбейтін сағымдар қылып құмар,
Жолаушыны жол сүргін шынықтырар.
Ұқсаймын бір момынға, тоб ішінен
Ығыстырып шығарған иықтылар.

Күзгі самал көңілде, көзімде мұң,
Кімге сауап шашылып, төгілгенім.
Төселеді қара жол табанына,
Жапырақтар - желге ұшқан сезімдерім.

Не десең де ғажап мынау тіршілік.
Мұңға бөлеп, ұйқысыз түн тұншығып,
Жастығында жатып алса қырсығып,
Танда тағы қуантады күн шығып.

Кеңістікті жаулап алып оттегі,
Бүр жарады көңіліңнің көктемі.

Әр сағаты аумалы да төкпелі,
Тіршіліктен асқан ғажап жоқ тегі.

## Тұтқындар

Ғашық жанар сезімнен құлпырады,
Ғашық ерін сүюге құлшынады.
Тек жүректер-кеуденің тұгқындары,
Бір біріне жете алмай тұншығады.

Жүректер ғой фәниде нағыз ғашық,
Білгеннен соң басқа амал табылмасын,
Бір біріне сезімін жеткізеді,
Тықылдатып кеуденің қабырғасын.

Жүрек тілі құпия, айдан анық.
Алтыншы қабырғаны сайлап алып,
Тықылдатып тынымсыз тілдеседі,
Сана жетпес ұйқасты пайдаланып.

Махаббатты біздей кім дәріптесін.
Мен сендікпін, қолжетпес әріптесім.
Екі жүрек қарашы,оқымай ақ,
Түсінеді морзенің әліппесін.

## Мазмұны

Алғы сөз........................................................3
**Арнаулар**......................................................**5**
Деген екен........................................................62
Әндер..............................................................65
**Аудармалар**....................................................**90**
Көңіл толқыны....................................................103

**Авторы Ботанов Қасым**

Редакторы **Орымбеков Ғалым Садықұлы**
Рецензиясын жазған **Әбдіманова Бибігүл Уәлиханқызы**
Өлендерді нотаға түсірген **Тілеуғазы Бейсенбек**
Техникалық редакторы **Өтепбаева Дина Болатбекқызы**

Басылымға 2004 жылы "03"мамырында жіберілген.
Баспаханалық қағаз.
Есептік баспа табағы10,5 Әдеби - көркем шығарма
• Таралымы 300 дана.
Тіркелу саны№416

Теміртау қалалық басылымы